Как свидетельствуют Шарафиддин Али Язди и Ибн Арабшах, Амир Темур привез из Шама (Сирия) в Самарканд главу табибов Мавлана Джамалидина и Мавлана Сулеймана. Его личным лекарем был табиб по имени Мавлана Фазлаллах Табризи. Кроме того, при дворе Амира Темура служили такие известные врачи, как мавлана Ма'суд Ширази и мавлана Фаррух табиб. Известным врачом Мансур ибн Мухаммад ибн Ахмад ибн Юсуф ибн Факих Илийасом было написано несколько медицинских сочинений, среди которых «Трактат об анатомии человека», посвященный внуку Амира Темура Пир Мухаммад Бахадуру. Вторая его работа - «Совершенная книга для Маджахида» было посвящено

сведениям о здоровом состоянии организма человека, причинах болезней и сохранении здоровья. Описаны болезни различных органов тела, методы их лечения, простые и сложные лекарства (Исследования, 1993).

«По сведениям Фасиха Хавафи, при дворе Шахруха большую популярность имели виднейшие ученые и медики того времени Мавлана Мухаммад Адам и Мавлана Низамиддин Ширази табиб. В 1427 году, когда заболел Байсунгур Бахадур - сын Шахруха, обоим медикам удалось его вылечить за несколько дней» (Исследования, 1993).

«Придворными медиками Султан Хусейна Байкары были такие известные ученые и врачи, как Мухаммад ибн Адам, мавлана Мухаммад Муъин и Мавлана Кутбиддин Мухаммад Адам. Врачи пользовались покровительством Алишера Навои и лечили больных, одновременно ведя преподавательскую деятельность в Дар аш-шифа» (Исследования, 1993).

Выдающимся государственным деятелем, мыслителем, поэтом был Алишер Низамиддин Мир Навои. Будучи визирем эмира Хорасана Хусайына Байкара, Алишер Навои проводит поистине реформаторскую деятельность. Он не только на государственные, но и на свои личные средства строит дороги, мосты, каналы, караван-сарай, медресе. «Навои спасает крестьян от налогов, освободив от занимаемых должностей правителей-взяточников» (Золотая Орда, 2004:202). Он оказывает покровительство ученым, музыкантам, поэтам. Наиболее высоко творческий дар Алишера Навои проявился в литературе, поэзии. Им мастерски написаны «Хамсэ», как у Низами Гянджави и Дехлауи, произведения «Смятение праведных», «Семь планет» и другие.

Заключение. Таким образом, рассматривая отдельные аспекты духовно-культурной жизни Центральной Азии во времена Амира Темура и темуридов, мы приходим к выводу, что народы этого региона оставили неизгладимый след в развитии мировой науки и культуры. Из среды этого народа вышли многие выдающиеся мыслители, деятели культуры, искусства. Думается, что их учения, творения выступают подлинными воплощениями ментальности народов центрально-азиатского региона, их культуры. Культура - это реальность, в которую человек укоренён. Именно в феномене культуры содержится объяснение того, как конечные и конкретные, исторически ограниченные формы практики и её результаты приобретают для человека всеобщее значение, становятся для него миром жизни, ментальным, внутренним его состоянием, а также служат тем социально-селекционным фильтром, который не каждое «новое» пропускает в наш мир. Благодаря подобной фильтрации до нас дошли имена ал-Бируни, ибн-Сины, Джамшида Коши, Али Кушчи и многих других ученых, которые сыграли судьбоносную роль в истории мировой науки и культуры.

Литература:

- Абдунабиев А. Вклад в мировую цивилизацию. - Ташкент, 1998.
- Абу Рейхан Беруни. Избр. труды. Т.1. Памятники минувших поколений. - Ташкент, 1957.
- Амир Темура в мировой истории. - Ташкент, 1996.
- Бартольд В.В. Улугбек и его время. Т.2. - Москва, 1964.
- Бутромеев В.П. Всемирная история в лицах: Раннее средневековье. – М.: «ОЛМА - ПРЕСС», 2001. – 336 с.
- Великие учёные Средней Азии и Казахстана (VIII-XIX вв.). - Алма-Ата. 1965. С.163.
- Вклад кочевников в развитие мировой цивилизации: сб. мат-лов Междунар. науч. конф. - Алматы: Дайк-Пресс, 2008. – 268 с.
- Жуковская Н.Л. Кочевники Монголии: Культура. Традиции. Символика. – М.: Вост.лит., 2002, 247 с.
- Золотая Орда. Казахское ханство. Часть 1. – Алматы. Издательство «Аруна», 2004. – 244 с.
- Исследования по истории, истории науки и культуры народов Средней Азии. - Ташкент, 1993.
- История Узбекистана(Учебник для студентов неисторических специальностей). Под ред.

- д.и.н., проф. Р.Х.Муртазаева; к.и.н., доц. Т.И. Дорошенко. Ташкент, 2011. – 344 с.
Кары-Ниязов Т.Н. Астрономическая школа Улугбека. Избр. труды. Т.VI. - М.-Л., 1950.
Матвиевская Г.П., Розенфельд Б.А. Математики и астрономы мусульманского средневековья и их труды (VIII- XVII вв). Т.2. - Москва, 1983.
Оловинцов А.Г. Тюрки или монголы? Эпоха Чингисхана. – Алматы, 2012, 284 с.
Рожанская М.И. Механика на средневековом Востоке. - Москва, 1976.
Серикпаев К. Тайны тысячелетий тюрского мира. Алматы, 2011. – 336 с.
Тамерлан. Эпоха. Личность. Деяния. /Сост., обр. и подг. текста Р. Рахманалиева. – М.,1992. 544 с.

References:

- Abdunabiev A. Vklad v mirovuyu tsivilizatsiyu. - Tashkent, 1998.
Abu Reyhan Beruni. Izbr. trudyi. T.1. Pamyatniki minuvshih pokoleniy. - Tashkent, 1957.
Amir Temur v mirovoy istorii. - Tashkent, 1996.
Bartold V.V. Ulugbek i ego vremya. T.2. - Moskva, 1964.
Butromeev V.P. Vsemirnaya istoriya v litsah: Rannee srednevekovye. – М.: «OLMA - PRESS», 2001. – 336 s.
Velikie uchYonyie Sredney Azii i Kazahstana (YIII-HIH vv.). - Alma-Ata. 1965. S.163.
Vklad kochevnikov v razvitie mirovoy tsivilizatsii: sb. mat-lov Mezhdunar. nauch. konf. - Almatyi: Dayk-Press, 2008. – 268 s.
Zhukovskaya N.L. Kochevniki Mongolii: Kultura. Traditsii. Simvolika. – М.: Vost.lit., 2002, 247 s.
Zolotaya Orda. Kazahskoe hanstvo. Chast 1. – Almatyi. Izdatelstvo «Aruna», 2004. – 244 s.
Issledovaniya po istorii, istorii nauki i kulturyi narodov Sredney Azii. - Tashkent, 1993.
Istoriya Uzbekistana(Uchebnik dlya studentov neistoricheskikh spetsialnostey). Pod red. d.i.n., prof. R.H.Murtazaeva; k.i.n., dots.T.I.Doroshenko. Tashkent, 2011. – 344 s.
Karyi-Niyazov T.N. Astronomicheskaya shkola Ulugbeka. Izbr. trudyi. T.VI. - М.-Л., 1950.
Matvievskaya G.P., Rozenfeld B.A. Matematiki i astronomyi musulmanskogo srednevekovya i ih trudyi (VIII- XVII vv). T.2. - Moskva, 1983.
Olovintsov A.G. Tyurki ili mongolyi? Epoha Chingishana. – Almatyi, 2012, 284 s.
Rozhanskaya M.I. Mehanika na srednevekovom Vostoke. - Moskva, 1976.
Serikpaev K. Taynyi tyisyacheletiy tyurskogo mira. Almatyi, 2011. – 336 s.
Tamerlan. Epoha. Lichnost. Deyaniya. /Sost., obr. i podg. teksta R. Rahmanalieva. – М.,1992. 544 s.

УДК 06.39

ГРНТИ161.1:005.44

ЖАҢАНДАНУ ҮДЕРІСІН ТАЛДАУҒА АРНАЛҒАН ӘДІСТЕР НЕГІЗІ

Абуов Амрекул

философия ғылымдарының докторы, ЕҰУ

Тел: 8 707 970 64 62

Аннотация. Мақалада қойылған негізгі мақсат «жаһандану дегеніміз не?» деген сауал бойынша, оның шынайы мәні мен мазмұнын ашып беру. Сондықтан, оның концептуалды негіздері мен логикалық мәнін анықтау үшін, бұл құбылысқа берілген анықтамаларға шолу жасап өттік, әлемдік және отандық ғалымдарымыздың жаһандану туралы түсіндірмелеріне талдаулар жасадық. Ол үшін феноменологиялық, герменевтикалық, генетикалық талдаулар жасап, анықтама берудің логикалық тәсілдерін басшылыққа алдық.

Атап айтқанда, И.С.Тарасов, П.Б. Салин, А.И. Уткин, З.И. Левин, Л.М. Энтин, А.С. Панарин, С. А. Панкратов, А.Д. Богатуров, Х. Шуманн сынды шет елдік ғалымдар мен отандық философтардың пікірлері сарапталды. Нәтижесінде, олардың жаһандану құбылысына берген анықтамалары мен түсіндірмелерін саяси, экономикалық, ақпараттық, мәдени сипатты деп топтап көрсеттік. Сонымен қатар, отандық философиялық сөздіктегі түсіндірмеге тоқталып, оның барынша толыққанда сараптама екендігіне көз жеткіздік. Одан соң, қортындылай келе, өзіміздің анықтамамызды ұсындық та, жаһандану құбылысының концептуалды негіздерін көрсеттік.

Ол алдымен, жалпы алғанда, адамзаттың ілгерілуін негізге алған беталыс екендігі сөзсіз ақиқат. Екіншіден, қоғамдық өмірдің барлық саласын қамтиды, бірақ әр түрлі деңгейде, үшіншіден, ол әрі таңдау ретінде ерікті құбылыс, екіншіден, адамзат эволюциясының болмай қоймайтын интеграциялық дәуіріндегі еріксіз құбылыс т.б. екендігі туралы түйінге келдік.

Түйін сөздер: жаһандану, экономика, саясат, мәдениет, ұлт, құбылыс, түсіндірме, адамзат, құндылықтар т.б.

Адамзаттың өз жыл санауынан екі мыңжылдықты артқа тастап, үшінші мыңжылдыққа қарай аяқ басуы жаһандық үдерістердің жедел өріс алып, бірқатар даму мәселелерінің өрши түсуімен тұспа-тұс келіп отыр. Осы үдерістер негізін ғылыми-техникалық төңкеріс, коммуникациялар мен ақпараттық технологиялардың барлық түрлерінің жетіле түсуіне байланысты болып келеді. XX ғасырдың соңына қарай «жаһандану» терминін кеңінен қолдану сәнге айналды. Отандық және шетелдік ғылымда ол экономикалық, саяси, әлеуметтік және тағы басқа да мәселелер бойынша жиі қолданыла бастады.

Бұл ұғым әр кезде әрқалай түсіндіріліп келді. Алайда, экономикалық, саяси, мәдени және тіпті теологиялық тұжырымдамалар қазіргі таңда бүкіл әлемдегі халықтар бұрынғыға қарағанда әлдебір дәрежеде жаһандық өлшемдер аясына біріктірілген деген ойға әкеледі. Бүгінгі күнде әлемдік қауымдастықты барған сайын жергілікті бірліктер мәселесі толғандыра түсуде. Бұл тұрғыдан алғанда, жаһандану туралы пікірталастар жаһандану жағдайында түрлі деңгейде жинақталатын қатынастардың сипатына қарай ойысады.

Жаһандану үдерістері отандық және шетелдік авторлар тарапынан түрлі кезеңде түрліше қарастырылып келді. Өткен ғасырдың 80-ші жылдарының жартысынан бастап әлемде ақпараттық қоғамға деген қызығушылық пайда болды. Осы үдерістің ерекше көрінісі жаһандану болып келеді. «Жаһандану» ұғымын пайымдауға арналған жалпы әдістер XX ғасырдың 90-шы жылдарына қарай қалыптаса бастады.

Жаһандану мәселесіне деген ғылыми қызығушылық кездейсоқ орын алып отырған жоқ, өйткені, ол қазіргі әлемнің дәстүрлі құндылықтарына қауіп келтіреді және оның кейбір қырларын белгілі бір деңгейде жетілдіреді. Өйткені жаһандану маңызды құндылықты-дүниетанымдық ілгерілеулерге әкелуі мүмкін: ұлттық мемлекеттердің мәртебесін, халықаралық құқық нормаларын, демократия мен болашақ мәдени дәстүрлердің мазмұнын қайта пайымдау т.б.

Жаһанданудың маңызын түсінуде түрліше көзқарастар жаһанданудың жағымды және жағымсыз жақтарын қоса алғанда, оның барлық қырларына қатысты болып келеді. Сонымен қатар экономикалық, саяси, мәдени, діни және ақпараттық қатынастардың туындауына байланысты осы құбылыстың маңызын түсіну үшін жүйелі көзқарас қажет болып отыр.

Жаһандану мәселесінің маңыздылығы ең алдымен ел ішіндегі және елдер арасындағы өзара қатынастардың өзгеруімен, сонымен қатар жеке және қоғамдық сананың өзгеруімен де анықталады.

Жаһандану бір жағынан алғанда, жаңа мүмкіндіктердің маңызды көзі болып табылады, келесі жағынан алғанда, жекелеген елдердің ішіндегі және елдер арасындағы қақтығыстар мен қауіп-қатерлердің қайнар көзі болып келеді. Қазіргі әлемнің ақиқат болмысы көрсетіп отырғандай, жаһандану үдерісі осы қайшылықтарды жандандыра түсетін маңызды фактор ретінде көрінеді, өйткені ұлттық мемлекеттер өздерінің саны ұлғая түскенімен, бірақ біртіндеп

шеттеп қала береді. Кейбір отандық және шетелдік ғалымдар «ұлттық мемлекеттердің күні бітіп бара жатқандығы туралы айта бастады» [1].

Жаһандану үдерісін талдауға арналған әдістер өте көптеп саналады, соған орай, қазіргі ғылыми әдебиетте оған берілген анықтамалар мен ұғымдық талдаулар да жетерлік. Көбіне ғылымда «жаһандану» кеңістік пен уақыт ішіндегі институттар мен әлеуметтік байланыстардың кеңеюі мен тереңдеуі ретінде түсіндіріледі. Сонымен, бір жағынан алғанда, адамдардың күнделікті қызметіне жер шарының басқа бір бөлігінде болып жатқан оқиғалар әсер етеді, келесі жағынан, жергілікті қауымдардың әрекеті маңызды жаһандық салдарға ие болуы мүмкін. Ендеше, біз де қарастырып отырған мәселемізде: семантикалық талдауды, генетикалық сараптаманы, герменевтика мен феноменологияны, құрылымдық-функционалдық талдауды, аналогия мен интерпретациялауды және анықтама берудің өзіндік тәртібі мен ережесін сақтауды басшылыққа аламыз.

Егер жаңа қоғамның ақпараттық бөлігіне назар аударатын болсақ, онда П.Б. Салиннің «Жаһандану – көбіне компьютерлік, жалпы әлемдік қаржы-ақпараттық негізінде қарқынды түрде қалыптасады» [2] деген түсіндірмесін мысалға алуымызға болады.

Жаһандану кең мағынасында: тауарлардың, қызметтердің, технологиялардың трансшекаралық ағыны, ақпараттардың және адамдардың еларалық ауысуы, сауда мен инвестициялауда әлемдік нарыққа қарай бет түзеу, нарықтың территориялық және институционалды ықпалдасуы т.б. деп түсінуге болады.

Көптеген авторлардың жаһандану мәселесінде ойлары бір болғанымен, алайда «жаһандану» ұғымын түрліше түсіндіреді, анықтама мазмұны бірдей болып келе бермейді. Жаһандануға байланысты бірқатар публицистикалық мақалалар жарық көргенімен, жаһандану мәселесі әлі күнге халықаралық экономика мамандарының, арнайы ресми сарапшылардың еңбектерінде толық көрініс тауып отырған жоқ. Халықаралық қаржы мамандарының пайымдауынша, жаһандану үдерістері көбіне осы қаржы саласында көрініс табатын көрінеді. Сонымен қатар геосаяси мәселелерді зерттеушілер әлеуметтік байланыстар мен институттардың кеңеюі мен тереңдеуіне маңыз береді, мұнда олар әлемнің басқа бөліктеріндегі оқиғалардың адамдардың күнделікті қызметіне барынша мол әсер етіп жатқандығын, соның салдарынан жергілікті қауымдардың әрекеттері маңызды жаһандық сипат алып отырғандығы мысал етеді.

А.Уткиннің суреттеп өткен жаңа ғасырдың геоқұрылымындағы жаһандану қазіргі заманның қуатты толқыны іспетті әсер етеді, ол әлемнің бейнесін болашақта түбегейлі ретте өзгертетін болады дейді. Жаһандану, оның пайымдауынша, «ұлттық экономикалардың бірыңғай, бүкіл әлемдік экономикаға бірігуін, соның нәтижесінде нарықтың жаһанданатындығын білдіреді. Нәтижеде коммуникациялық жақындасу, планеталық ғылыми төңкеріс, ұлтаралық әлеуметтік қозғалыстар, жаңа көлік түрлері, телекоммуникациялық технологиялар, интернационалдық білім негізінде өзара байланыстылық арта түсетін болады. Жаңа ғасырда білім барлық күш-жігердің орталығына айналады, инфрақұрылым дамиды, әлемдік ақпараттану, микроэлектроника, биотехнология, телекоммуникациялар, ғарыш техникасы, компьютерлер нарығында бәсекеге қабілетті орындар күшіне енеді. «Жаһандану», -деп санайды А. Уткин, - «XXI ғасырдың алғашқы ширегінде барынша белсенді жүреді, ол әлемдік федералдану деңгейіне дейін жетіп, жалпы әлемдік шоғырлануын аяқтайды» [3].

Жаһандану жағдайында ірі капитал мемлекеттік шекаралардан аса отырып, ғаламдық ауқымда шоғырланатын болады, ал ұлттық капитал құлдырау кезеңін бастан өткізеді. Нәтижесінде, әлемдік қаржы капиталының қозғалысын ірі қаржы орталықтары басқаратын болады, олар трансұлттық корпорациялар арқылы әлемге тиімді ықпалын жүргізіп отырады.

Жаһандану үдерісі соңғы жылда қарқын ала бастады. Жаһанданудың негізгі саласы халықаралық экономикалық жүйе болып саналады: ұлттық экономикада және әлемдік нарықта жүзеге асырылатын өндіріс, алмасу мен тұтыну т.б. Соған орай, жаһандану, ең алдымен, ұлттық экономикалардың қаржы, экономикалық, технологиялық салаларда бір-

біріне тәуелді болуын көрсететін экономикалық параметрлер болып саналады.

Белгілі Ресей ғалымы З.И.Левин жаһандану деп «бірыңғай трансұлттық қаржы-экономикалық және ақпараттық кеңістік ретіндегі жаңа әлемдік тәртіпті қалыптастыру» үдерісін атайды. Оның түсінігінше, бұл күрделі өз бетінше дамитын жүйе, өзара байланысты және бір-бірімен өзара әрекеттесетін күрделі жүйе, оның қызметі өзін-өзі сақтауға бағытталады. Жаһандану адам болмысының барлық жақтарын әмбебаптандыруға, стандарттауға бағытталады [4].

Жаһандану қазіргі әлемнің объективтік даму заңдылығы болып саналады. Ол өз бойында барлық халықтардың, елдердің және аймақтардың оң және теріс салдарларын тасымалдайды. Л.М. Энтин оны былайша түсіндіреді: заманауи ақпараттық технологиялар ұлттық шекараларды бұзып жара өтіп, қазіргі әлемді «жаһандық ақпараттануға» айналдырып келеді. Капиталдардың, қаржы ағындарының қозғалысы, адамдардың көшіп-қонуы, олардың әлеуметтік икемділігі, бұқаралық мәдениет «қоғамдық өмірді қарқынды ретте интернационалдыруға» әкеледі, мұның өзі экономикалық, әлеуметтік және саяси ықпалдасудың арта түсуін талап етеді [5].

Ресей философы А.С.Панариннің атап өтуінше, қазіргі күйіндегі жаһандану, ең алдымен, АҚШ пен дамыған Батыс елдеріне қолайлы болып келеді. Оның пайымдауынша, шекарасыз және кедергісіз бірыңғай ашық қоғам идеясын насихаттап келе жатқандар осы елдер болып келеді, өйткені бұл өз тәуелсіздігін әлсіретіп алған мемлекеттер есебінен дамыған елдер өздері үшін экономикалық, геосаяси және әлеуметтік мәдени өктемдік жүргізудің жаңа жолдарын ашады. Бұл елдер аз бейімделген, ығыстырылып шығарылуы тиіс елдер есебінен әлемді әлеуметтік-дарвинистік өзгеріске ұшыратпақ, «табиғи сұрыптау» жүргізбек [6].

Жаһандану үдерісіне деген қатынас біржақты емес, онда қай мемлекет қандай орын алатындығы туралы да пікірлер алуан түрлі болып келеді. Алайда, С.А.Панкратовтың атап өтуінше, «Ресей жаһандық үдеріске жауап бере алатын объективтік мүмкіндікке ие» [7].

Профессор Алексей Богатуровтың пікірінше, жаһанданудың материалдық (объективтік), сонымен қатар виртуалды (манипуляциялық) көріністері де бар. Соңғы көрінісіне «белгілі бір құндылықтар мен бағалау стандарттарын тарату, халықаралық қоғамдық пікірге лайық саяси-психологиялық қондырмаларды қалыптастыру» жатады. Демек, жаһандану дегеніміз – бұл шындығында бар болып қана қоймай, ол туралы адамдарға ойлануды ұсынатын жайт болып отыр [8].

Неміс ғалымдары Г.П.Мартин мен Х.Шуман өз зерттеулерінде «жаһандану» оң үдеріс емес, яғни, жаңа құбылыстың пайда болуы емес деген пікір айтады. Оның бестен төрт бөлігі теріс салдарлардан құралады: бұл жерде әңгіме әлемдік әлеуметтік-демократиялық жүйенің қирауы туралы болып отыр [9].

Тасмания университетінің профессоры, жаһандану мәселесі бойынша жиі қалам тартып жүрген ғалым Малком Уотерс қазіргі әлемдегі өзгерістердің гетерогенділік «теоремасын» пайымдай отырып, былай дейді: «материалдық өзара байланыстар жергілікті сипат алады, саяси өзара байланыстар ұлттандырылады, ал символдық өзара байланыстар жаһанданады» [10].

Ағылшын экономисті Алан Тейттің пікірінше, жаһандану «халықаралық сауда ауқымының ұлғаю және оның тауар алмасу ғана емес, сонымен қатар қызмет көрсету және капитал аумағының да кеңеюі нәтижесінде елдердің өзара байланыстылықтарының ұлғая түсуін» білдіреді [11]. Американ саясаттанушысы Майкл Интрилигейтор жаһандану деп, «әлемдік экономиканың шекараларын мойындамайтын, ықпалдастырылған, барынша ашық жағдайда әлемдік сауда ауқымдарының және халықаралық алмасудың басқа үдерістерінің орасан зор сипатта ұлғаюы. Мұнда біздер тауар және қызметтермен дәстүрлі сыртқы сауда жүргізу туралы ғана емес, сонымен қатар валюта ағындары, технологиямен, ақпаратпен және идеямен алмасу, адамдардың орын ауысуы туралы айтып отырмыз» дейді [12].

Белгілі ағылшын ғалымы Энтони Гидденс жаһандануды «шалғай орындарды

байланыстыратын, бүкіл әлемге таралып жатқан әлеуметтік қатынастарды қарқындандыру» деп санайды [13].

Гидденс жаһандануды жаңарудың тікелей жалғасы деп санайды. Гидденстің пікірінше, модернизация өзара бірлескен жергілікті жағдайлардан әлеуметтік қатынастарды оңашалаудан көрінеді. Гидденстің теориясына мемлекетаралық қатынасты ғана білдіретін «интернационалдандыру» терминіне қарағанда, барлығын қамтитын «жаһандану» термині барынша жуық келеді [14].

Гидденс сияқты Лесли Склэр де «интернационалдандыру» терминіне қарағанда «жаһандану» терминін ұнатады, өйткені ол барынша өзекті үдеріс – трансұлттық тәжірибелер жүйесін қалыптастырады. Трансұлттық тәжірибе, Склэрге сәйкес, бір-бірінен ажыратылатын үш деңгейде өмір сүреді: экономикалық, саяси, идеологиялық-мәдени [15]. Деңгейлердің әрқайсысында трансұлттық тәжірибелер жаһандануды ынталандыра түсетін базалық институт құрайды.

Көріп тұрғанымыздай, қазіргі зерттеушілер жаһандану үдерісін қарастырудағы алуан түрлі әдістерге сүйенеді, осы терминді тұжырымдауға байланысты логикалық қиындықтарды еңсере түседі.

Алайда қазіргі таңда, осы мәселе бойынша бірнеше жыл бойы жүргізілген пікірталастардан соң, жаһандануды айқындауға байланысты алғашқы талпыныстар қазіргі таңда қызықсыз болып көрінуі де мүмкін.

Айырмашылық, бір жағынан, күннен күнге ұлғайып келе жатқан бірлік-біріздендіруден (гомогенизация), келесі жағынан, әмбебаптылық-алуан түрліліктен (гетерогенизация) көрінеді.

Алғашқы үлгіні жақтаушылар жаһанданудан модерннің логикалық жалғасын қарастырды, мұнда экономикалық мақсат шекаралардың барынша ашық болуын талап етті. Әлеуметтанушылар мен философтар үшін жаһандық тәуелділіктер туралы білген қызықты, өйткені ол бұқаралық әлеуметтік түсініктер құрамына, адам әрекетінің күнделікті жобасына енеді.

Сонымен қатар әлеуметтанымдық пәндерде әлемдік социум идеясы да қарапайым ретте белгіленген. Мұнда жаһандануды әлемдік ауқымдағы құрылымдарды, мәдениеттерді және субъектілерді өзара байланыстыратын жан-жақты үдеріс ретінде немесе әлеуметтік нормативтердің географиялық шекараларын жоюшы ретте түсіндіріледі. Сайып келгенде, осы үдеріс әлемдік ауқымдағы әлеуметтік қатынастарды қарқындатушы ретте анықталатындықтан, бір-бірінен алшақ жатқан әлдебір оқиғалар өзара байланысты болады. Нәтижесінде, жаһандану әлемді бір бүтінге біріктіру, бүтіннің бөлшектен құралатындығы ретінде қаралады.

Қазақстандық философ, академик Ә.Нысанбаев жаһандану мәселесі туралы мынадай пікір білдіреді: «Жаһандану процесін анығырақ сипаттайтын белгілерге қазіргі кезеңдегі барлық елдердегі ірі мегаполистердің, яғни қалалардың өсуін жатқызуға болады. Қала – әлемнің ең қозғалыстағы бөлігі, оның дамуы адамзат қоғамының ұйымдасу формасын өзгертеді. Қазіргі мегаполис әртүрлі халықтардан, мәдениеттер мен діндерден құралады, этникалық қауымдастықтардың өзара араласуынан тұрады. Ешқандай мегаполис қазіргі кезеңде, негізінен, моноұлтты болмайды, ол интернационалды қоныс және бұдан әрі дамыған, үлкен кеңістіктерді қамтыған сайын «халықтардың араласуы» да сонша күшейе түседі. Мегаполис – әртүрлі мәдениеттер мен өркениеттер өкілдерінің бейбіт қатар өмір сүруі мүмкін екендігінің айқын белгісі.

Жаһандану туралы пікірін Әуезхан Қодар былай өрбітеді: «Шығыс өркениеті - тұрақтылыққа негізделген табанды өркениет. Ал Батыс өркениеті өзгеріске негізделген. Батыстық өркениет ғылым мен техникаға, жаңашылдыққа сүйенсе, шығыстық өркениет адамның ішкі сырына, рухани тереңдігіне сүйенеді. Мысалы, Үндістанда - йога, Қытайда даосизм деген ағым бар. Осы ағымдар адамның мәңгі өмір сүруінің амалдарын іздеген. Ертеректе Шығыстың ұлы билеушілерінің бірі Шыңғысхан сырқаттанып қалған кезде сонау

Қытайдан Чань-чунь деген даос монахын (абызын) алғызған екен. Хан одан мәңгі өмір сүрудің амалын сұрапты. Сонда абыз: «Мәңгі өмір болмайды, бірақ өмірді ұзартудың жолдарын айтайын», - деген екен. Кейіннен, Шыңғысхан мақсатына жетер шағында өмірден өтті. Есесіне, оның алып империясы ұрпақтарына қалды. Осыдан-ақ, Шыңғысханның өміршеңдігін көруге болатындай. Меніңше, қазіргі жаһандану заманында Батыс және Шығыс деп бөлінудің еш қажеті жоқ. Жаһандану деген не? Бұл - барлық мәдениеттің бір-бірімен тығыз араласуы. Адамзат көне замандардың өзінде бір-бірімен аралас-құралас байланыс жасаған. Қазіргі ХХІ ғасырда жаһанданудан қашудың, үрейленудің қажеті жоқ».

Бұл анықтамалардан көріп отырғанымыздай, жаһандану құбылысын түсіндірушілердің сараптамалары бойынша оларды қоғамдық өмірдің саласына орай, былайша топтап көрсетуімізге болады, біріншісі оның саяси, халықаралық қатынас, интернационалистік т.б. жақтарына көңіл бөлсе, екінші бір тобы тек экономикалық жағына баса назар аударады, әлемдік тұтас нарық, әлемдік қаржының жинақталуы мен таралуы т.б. ал үшінші бір тобы оның ақпараттық технологиялық мазмұнын негізге алады да, тұтас ақпараттық кеңістіктің қалыптасуы, ақпараттық қоғамның күшіне енуі т.б. құбылыстарға аса маңыз береді, төртінші бір тобы мәдени сұхбаттастыққа негізделген құбылыс деп санайды және этномәдениет пен жалпы адамзаттық мәдениеттің арақатынасы, мультикультурализм т.б. мәселелерге қарай ойысады. Сондықтан, осы анықтамаларда жинақтап көрсететін мынадай толғырақ анықтаманы да келтіре кетуімізге болады.

Философиялық сөздіктерде: «Жаһандану (*глобализация, global – әлемдік, дүниежүзілік, жалпы*) әлемдік ауқымдану, ғаламдану, жалпы әлемдік саяси, экономикалық, мәдени және ақпараттық тұтастықтың құрылу үрдісі....Ж. әлемдік өркениеттің аса маңызды өлшемдерінің жалпыадамзаттық құндылыққа ие болуы, сан-алуан әлемнің біртұтастыққа айналуы логикасы біріктіретін өзгерістер жиынтығы деп түсіндіріледі. Ж. әлеуметтік феномен ретінде көп қырлы және көптеген құрамдас бөліктері бар: 1) Дәстүрлер, діндер, мәдениеттер мен идеологиялардың «ұқсастығы» негізінде пайда болған «менталдық» немесе мәдени Ж. Мұнда желілік мәдениет, кибермәдениетпен ұштасқан ежелгі мәдени дәстүрлердің (классик. еуропалық, америкалық, шығыстық, мұсылмандық және үнділік) синтезі негізінде біртұтас, жалпыадамзаттық мәдениет нышандары көріне бастады. Бұл жағдайда әрбір ұлттың, халықтың өзіне тән ділі мен мәдениетін сақтап қалуы өзекті мәселеге айналады; 2) экономикалық Ж. екі үрдістің – нарық саласы (капитал, еңбек ресурстары, тауарлар және қызмет көрсетулер) және экономика нысандары, экономиканың ұйымдық құрылымдары жиынтығы ретінде, компаниялардың, фирмалардың, корпорациялардың іріленуімен түсіндіріледі; 3) аймақтық Ж., мұның жоғары мәнін мемлекетаралық құрылымдардың күшеюі, мемлекетаралық экономикалық және әскери-саяси одақтар көрсетеді; 4) ақпараттық-коммуникациялық Ж. қазіргі заманғы интеграциялық үрдістердің ішінде аса ықпалдысы болады. Оған: коммуникациялық мүмкіндіктерді дамыту және ғарыштық кеңістікті ақпарат тарату үшін пайдалану, жаһандық ақпарат желілерінің пайда болуы және тез дамуы, адамзат тұрмысындағы көптеген үрдістердің компьютерленуі жатады; 5) этникалық Ж. планета халқы санының өсуі және әртүрлі этникалық топтардың өзара ассимиляциясы сынды екі бөліктен тұрады» деп толығырақ түсіндірме береді.

Қорыта келе, жаһандану құбылысы туралы жоғарыда келтірілген пікірлерді жинақтай келе, мынадай анықтама береміз: «Жаһандану дегеніміз – әлемді біртұтас халықаралық әлеуметтік-экономикалық, саяси-құқықтық және мәдени-ақпараттық кеңістікке айналдыратын ұзақ тарихи үдеріс, ол капиталдардың, тауарлар мен қызметтердің кедергісіз орын ауысуымен, идеялардың, құндылықтардың және өмір сүру салтының еркін таралуымен сипатталады». Әрине, бұл анықтаманы бүге-шүгесіне дейін жан-жақты қамтылған деп айта алмаймыз, өйткені бұл құбылыс жалғаса түсуде және күннен-күнге жаңа пішіндерді қабылдап, жаңа сипаттамаларға ие болуда.

Жаһандану бір қырынан үздіксіз ілгерілеу беталысына негізделген әлемдік интеграцияның айшықты көрінісі бола отырып, жалпы адамзаттық рухани-мәдени, экономикалық-саяси, ақпараттық кеңістіктің біртұтастығын ерікті-еріксіз түрде қалап алатын

дүниежүзін қамтитын үдеріс. Қорыта айтқанда, жаһандану адамзат қоғамының дамуының өзіндік бір келбеті бола отырып, ілгері даму мен прогресс идеясын қуаттайтын, бірақ нақты тұжырымдамалары мен ресми белгіленген стратегиясы орнықтаған беталыс.

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Тарасов И.С. Закат нации-государства (Тезисы о проблемах афроазиатского региона)//Космополис, 1999, с.79.
2. Салин П. Б. Взаимосвязь экономических и политических процессов в условиях глобализации // «Новая» Россия: национальные интересы в глобальном контексте. Материалы Российской межвузовской научной конференции «Новая» Россия: национальные интересы в глобальном контексте: 7-8 декабря 2001 г. М.: РГГУ, 2001, с. 39.
3. Левин З.И. Будущее реформы в исламе //Ближний Восток и современность. Сб. статей. Вып. XVI. Отв. ред. М.Р. Арунова. М., 2002, с. 138-139.
4. Энтин Л.М. XXI век и судьба суверенного государства (Тезисы) // Космополис, 1999, сс. 77-78.
5. Панарин А.С. «Имперская республика» на пути к мировому господству//Общественные науки и современность, 1999, № 4. С. 151.
6. Панкратов С. А. Логика глобализации и место России в условиях формирования нового миропорядка // «Новая» Россия: национальные интересы в глобальном контексте. Материалы Российской межвузовской научной конференции «Новая» Россия: национальные интересы в глобальном контексте: 7-8 декабря 2001 г. М.: РГГУ, 2001, с. 27.
7. Богатуров А.Д. Синдром поглощения в международной политике // Pro et Contra, осень 1999. - С. 33.
8. Мартин Г.-П., Шуманн Х. Западная глобализации. Атака на процветание и демократию//Пер. с нем. М., Издательский дом «Альпина», 2001. – 335 с.
9. Waters M. Globalization. L.; N.Y., 1996. P. 9.
10. Тейт А. Алан. Глобализация - угроза или новые возможности для Европы?//Проблемы теории и практики управления, 1998, №5.
11. Интрилигейтор Д. Майкл. Глобализация как источник международных конфликтов и обострения конкуренции // Проблемы теории и практики управления, 1998, №6.
12. Giddens A. The Consequences of Modernity. Stanford, 1990, p.64.
13. Sklair L. Sociology of the Global System. Hemel Hempstead, 1991, p.7.
14. Martin W.C. Beitel M. Toward a Global Sociology?: Evaluating Current Conceptions, Methods, and Practices // The Sociological Quart. 1999. Vol. 39. №1. P. 131-143.
15. Әуезхан Қодар. Зиялысын сыйламаған елде дамыған қоғам орнамайды. "Алаш айнасы" газеті 22 маусым 2009 жыл.

ҒТАХР 17.40.01

ШАМАНДЫҚ МӘДЕНИЕТ ЭЛЕМЕНТТЕРІНІҢ ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ ӨНЕРГЕ ТРАНСФОРМАЦИЯЛАНУ ҮРДІСТЕРІ

Б.М. Аташ

*Философия ғылымдарының докторы, саясаттану және әлеуметтік-философиялық пәндер
кафедрасының профессоры*

*Абай атындағы Қазақ Ұлттық Педагогикалық университеті(Алматы, Қазақстан)
Аңдатпа*

Бұл мақалада қазіргі өнердегі, оның ішінде музыкалық өнердегі шаманизм элементтері аналогиялық тұрғыдан қарастырылады. Атап айтқанда, рок-музыка, барт, сахна, театр, жеңіл музыка және т.б. Автор архетиптік негіздер бар екенін, олар бейсаналық түрде жүзеге асырылатынын айтады.

Түйінді сөздер: бақсы, архетип, Өнер, музыка, сабақтастық, элементтер және т. б.

ТЕНДЕНЦИИ ТРАНСФОРМАЦИИ ЭЛЕМЕНТОВ ШАМАНСКОЙ КУЛЬТУРЫ В СОВРЕМЕННОЕ ИСКУССТВО

Б.М. Аташ

Доктор философских наук, профессор кафедры политологии и социально-философских дисциплин

Казахский национальный педагогический университет им.Абая (Алматы, Казахстан)

Аннотация

В данной статье аналогически рассматриваются элементы шаманизма в современном искусстве, в том числе и в музыкальном искусстве. В частности, рок-музыка, барт, сцена, театр, светомузыка и др. Автор отмечает, что существуют архетипические основы, по которым они бессознательно реализуются.

Ключевые слова: Шаман, архетип, искусство, музыка, преемственность, элементы и др.

TRENDS IN THE TRANSFORMATION OF ELEMENTS OF SHAMANIC CULTURE INTO MODERN ART

B. M. Atash

Doctor of Philosophy, Professor of the Department of Political Science and Social and Philosophical Disciplines

Kazakh National Pedagogical University named after Abay (Almaty, Kazakhstan)

Annotation

In this article, the elements of shamanism in contemporary art, including in musical art, are considered analogically. In particular, rock music, bart, stage, theater, light music, etc. The author notes that there are archetypal bases on which they are unconsciously realized.

Keywords: Shaman, archetype, art, music, continuity, elements, etc.

In this article, the elements of shamanism in contemporary art, including in musical art, are considered analogically. In particular, rock music, bart, stage, theater, light music, etc. The author notes that there are archetypal bases on which they are unconsciously realized.

Keywords: Shaman, archetype, art, music, continuity, elements, etc.

Шамандықтың өміршендігінің бір қыры – ол осы әлемдік діндерді ақиқатты іздеу мен олардың қалыптастыру жолындағы барлық көне мифологиялар мен политеистік діндердегідей әр заманның талаптарына сай келмесе де, өзінің элементтерін сақтап қалып отырғандығында. Шамандық, шындап келгенде, осы политеистік діндермен, пұтқа табынушылықпен, мифологиялық дәуірмен қатар өмір сүрді, тіп одан бұрын да болған сыңайлы. Бірақ, олар өз кезегінде, бүгінгі таңда адамзат эволюциясының «балаң» кезіндегі діни сенім екендігін дәйектесе де, шамандық өзінің өміршендігін көрсете білді, ол жоққа шығарылғандығы былай тұрсын, бүгінгі күні де, ғылымның өрлеу заманында да, әлемдік діндердің кемлденген шағында да, адамзат таза парасаттылық сатысына өткен кезеңде де, нигилистік терістеуді санамағанда, тіпті ғылымды да, әсіресе, медицинада қызығушылық тудырып келеді. Сондықтан, қайтадан рухтану мен қайтадан жандануға қарай бет түзеуде.

Шамандық рухани мәдениет пен ғылыми дискурс аясында, тіптен діни сенімдер аясында постмодерндік философияның танымды аппараттарына сүйеніп дәйектейтін болсақ, гибридтенген, формальданған, симулякрланған, театрланған т.б. форматтарды әлеуметтік

психоанализ бойынша саналы және бейсаналы түрде көрініс тауып келеді. Шамандық әлемдік діндердің пайда болуы мен өзінің өрісін мыңдаған жылдар бойы кеңейте түсуіне байланысты және кей сәттерде шамандықты өздерінің қарсыластарының бір модусы ретінде қабылдауына орай, саналы түрде оған деген жағымсыз көзқарастар орнатса да, өзінің элементтерін сақтап келеді. Осыған орай, біз оның өнердегі, модернизацияланған формаларына теориялық-тәжірибелік масштабта тоқталып өтетін боламыз және нақты мысалдар келтіре отырып дәйектейміз. Бұл біріншіден, аналогиялау арқылы, екіншіден, экстраполяциялау жолымен, үшіншіден, болжамдау мен бағамдау бойынша құрылымданады.

Оның музыка өнеріндегі модернизациялануы мен заманға бейімделуі шамандықтың мистификациясы мен сакральді мәнін ығыстыра отырып немесе ұмыт қалдырып, әр түрлі формаларда «циклді қайта оралумен» жалғасын тауып жатыр. Өйткені, шамандық мәдениеттің өміршендігі құбылулар мен өңін өзгертулер арқылы бәрібір адамзаттың ортақ эстетикалық талғамын қанағаттандыратын болғандықтан, өзіне-өзі қайта оралу, өзін-өзі қайтадан тану, эквивалентті, изоморфтанған күйде тынышталмай «тыныштық табады».

Металл өндірісі түркі даласында қолға алынып, ол адамзат дамуындағы қазіргі ғылыми төңкерстерден кем түспейтін мәдениет дамуындағы секірістер еді [1, 47-52бб.]. Оның материалданған күйлері, сәйкесінше рухани әлемде де гомоморфтанды.

1970-1990 жылдардағы субкультурадағы панктер, рокерлер, металистер т.б. рок-музыка, оның ішінде ауыр металл мәнеріне деген ынтызарлық шамандық рухының жандануға деген ұмтылыстарының бірі еді, архетиптердің бірегейленуге деген бұлқынысы. Себебі, ауыр металлдың ойнау мәнерінде де осындай шабыт пен экстаз, минитранс жағдайлары, өзінің биоэлеуметтік болмысынан шығуға деген талпыныс мәдени дәстүрлі нормалар мен қатаң ережелердің құрсауларын бұзуды бейсаналы-саналы түрде қалаған рухани эволюция дамуының әлсін-әлсін «сахналатын» қажеттіліктері еді. Метал-рокк мәнерінде «сахна-әуен-кастюм-ырғақ-қимыл-психика» түзілімінің синтездеген өнер түріндегі шаманизм конгломераты модернизацияланған форматта бейсаналы түрде қайталаанады немесе оны қойылымдар қайталайды. Оларды былайша жүйелеп беруімізге болады.

1. Металл жапсырылған бақсы кастюмдерін ауыр металды орындаушылардың кастюмдеріндегі металл көмкерілген киімдер қайталайды, бірақ алғашқысындағы металдар бір қарағанда анархиялы орналасқандай болса, соңғысында олар жүйелі классикалық үлгімен жамалған. Бұл екеуінің айырмашылықтары бейнелеу өнері саласындағы классика (симметрия, прапорция, паритет) мен модернизмнің (абстракционизм, кубизм, сюрреализм) өрнектерінің қатынасына ұқсайды, бірақ кей тұстары бірегей.

2. Бет әлпеті бойынша жалбыраған көзін жапқан шаштың сән үлгілері де сәйкес келеді (прическа): түйілмеген ұзын шаш, оның бетін жабуы мен үнемі қозғалыста болуы, түйілген ұзын шаш, бет әлпетіндегі сұстылық т.б. Эстраданың басқа кейбір көңілді жанрларында орындаушы жайдары жүреді, сұсты кейіп таныта бермейді. Хэви металдағы рок әуендеріндегі басымдылыққа шығарылатын гитараның үні де, акустикасы да бақсының тамақпен айтуының тембріне және оның кей сәттерде шапшаңдауына сәйкес келеді, ондағы ырғақтар мен паузаларды т.б. аудио-визуалды түрде салыстырып қарау арқылы бұған оңай көз жеткізуімізге болады.

3. Әуенді орындаушылардың қимылы мен өзін-өзі ұстауындағы бейне бір экстаздық жағдайға түскендей болуы, музыкамен трансқа енуі бақсы психикасындағы өзге болмыс әлеміне ену зікірі мен «өрескел» болып көрінетін би тәрізді қимылдары арасында да ұқсастықтар бар. Жалпы рок-музыка, оның ішінде, метал рокты кейбір талқылаушылар оның адам психикасына өте ауыр тиетіндігін бағамдайды. Оны өнердің түсінуі тым күрделі туындыларының бірі екендігін атап өтеді: Г.Ю. Квятковский рок-музыканы элеуметтанулық тұрғыдан зерделеп өзіндік тың пікірлерін жариялайды: «Рок-музыка мәдениетінің динамикасы күрделі. Біздің ойымызша, рок-музыка мәдениетінің дамуы зерттеушілер қарастыратын деңгейге байланысты әр түрлі жолмен жүреді. Бәлкім, рок мәдениетінің жеке, топтық және элеуметтік деңгейін бөліп көрсету керек. Рок-музыкада динамикалық процестердің барлық

түрлері ұсынылатын болады ...Рок-музыка мәдениетінің дамуы факторлар мен ішкі механизмдердің кешеніне байланысты. Осыған байланысты Рок-музыка мәдениеті күрделі жүйе деп болжауға болады» [2,6-76б.]. Дәл осындай түсініксіздік, «біртүрлі үрей» туғызушылық, қарапайымдылықтың күрделілігі т.б. бақы сарындарында да кездеседі.

Бұл жалпы көпшілікке таныс эстрадалық поп-музыкада да көрініс тауып отырады. Эстрадалық ансамбльдердегі ұрмалы аспаптар, барабандар шаманның даңғарысынан туындағандығы да күмән туғызбайды. Өйткені, әскери марштардағы барабандар – аңдарды аулау кезіндегі оларды үркіту үшін қолданатын ұрмалы құрылғылардың дыбыстары – шаманның бубені де сайып келгенде, эстрадалық әуендегі ұрмалы аспаптар ритмімен келіп ұштасқан.

Поп-музыкаға еліккен көпшіліктің жалпы би ырғақтары мен қозғалыстары да көне дәуірлерден тамыр тартқан өзінің эволюциясында әр түрлі модификациялармен өзгеріске түскен бақының зікір салу сәтіндегі қозғалыстарының қазіргі заманның бұқаралық мәдениетіне өткен түрі. Бірақ бақыда ұжымдық зікір салу қимылдары таңдаулы адамдарға ғана тән сакральді болғандықтан кездесе бермейді, ал ол қазіргі заманда сакральділігін жоғалтқандықтан жалпы көпшілікке ортақ экзотериялық сипат алды.

Сол сахна биіндегі әуенмен экстазға түсу де шамандық трансқа ұмтылыстардың шағын алғашқы баспалдақтарында қалып қоюы, екі жағдайда да сыртқы орта көмескіленіп, субъект одан қол үзгендей болады. Әрине, заманауи би билеуде ол жеңіл түрде жүреді және Жоғарғы-Мен бойынша трансқа түсу үздіксіз сүзгіден өтіп отырады. Яғни, трансқа түсуді қалаған бейсаналы ұмтылыстар санамен бақылауға алынады да, психоанализ бойынша түсіндірсек, цензураналанды.

Ән айтқан кезде, көпшілік би билеу сәтінде фонда сахналық жарықтандырғыштар (светомузыка) қолданылып, оның ырғағына еліктеу автоматты түрде жүзеге асады. Бұқаралық мәдениетте бұл ырғақтар мен қозғалыстар есептеулерге, бірдей қимылға т.б. бағындырылмайды, анархиялы өтеді, ал кәсіби жағдайда ол қимыл жүйеленген форматтарға көшіріледі.

Бұлар шаманның қасиетті лаулап, құбылып, үздіксіз өзгеріп жатқан, көлемінің өздігінен-ақ ұлғайып немесе кішірейіп отыратын отының динамикасына еліктеуден туған. Оттың қимылы мен жарықтандырғыштың ритмінің жылдамдықтары да сәйкес келеді. Жарықтандырғыштар мен оттың қасында билеудің қараңғылықта ғана өтуінің изоморфтылығы да біздің тұжырымдауымыздың шындыққа сай келетіндігін айғақтай түседі. Қазір заманауи жарықтандырғыштардың жетілдірілген, түрлі-түске боялған, әр түрлі кординацияларда комбинациялануы шамандардың психикалық күйлерін нақ солай қабылдамаса да, бейсаналы түрде сол оттың қуаты мен ықпал өрісін арттырудан туған және ол көпшілікке арналғандықтан болуы ықтимал. Нақтырақ айтқанда, оттың қуатты, шапшаң қимылын аңсау. Ал қазіргі таңда шамандағы отты айналу қимылының мазмұны ұмыт болғандықтан, бірақ оны іштей қалау керісінше, жарықтандырғыштың адамдарды айналатындай конструкциясына алып келген.

Эстрада әншілерінің билері де, аспаптарда орындаушылардың қимылы да екі жақты белсенді транс (оларда әуенге елігетін меломандық элементтер де бар). Ал шаманның тамақпен әуен айту сәтіндегі оның ырғағы мен от қозғалысы бойынша қимылдауындағы амплитудалар олардың есінен танып құлауымен шектеледі. Бұл тұста әнші мен зікір салып жатқан бақылар сәйкесінше гедонистік және экзистенциалдық сахнада демонстрацияланады, өзін «әйгілеу» іске асады.

Бірақ екеуі екі мазмұнда болғанмен, терапиялық, эстетикалық қызметінің қатынастары тура сәйкес келмесе де, жанасады. Мәселен, қазіргі таңда музыкатерапияның психикалық жан тыныштығына жетелейтіндігі де ғылыми тұрғыдан дәйектелген.

Ж. Жайлымысованың пікірінше музыка балаларға да ықпалды болып келеді: «Баланы оның жетілуіне орай вербалды экспрессияға итермелеудің маңыздылығын ұғына отырып, психотерапевттер белгілі бір ойын элементін білдіретін сонымен қатар вербалды экспрессияны ынталандырушы жұмыс құралын жасауға ұмтылуда. Әуендік терапия бұл жағдайда әртүрлі

әуендік ойындармен немесе әуендік экспрессия элементтерінен тұратын ойындарды пайдаланады» [3,166.].

Ал бақсының зікірінде емшілік басты және түпкі мақсат, ол өзін арнайы демонстрациялауға ұмтылмайды, тіпті кейде оған тиым салынады, сондықтан ем жасау рәсімдері кей жағдайда жабық күйінде киіз үй ішінде өткізіледі. Ал оның музыка терапиясында біздіңше, «үрей тудыра отырып, үрейден арылу» тәсілі қолданылады. Бұл құбылысты өнертанумен шұғылданған С.Т. Нұрмолдаев былайша тиянақтап береді: «Мәселен, бақсылар қолданған ұрмалы аспаптар үрей тудыру үшін емес, керісінше, қорықпауға арналған жаттығулар іспеттес деген ой түйіндейміз. Мәселен, түркі дәстүрінде баланың бесігіне қасқырдың аяғын байлап қою салттары болған. Оның мәнісі: бесіктегі бала оны күн сайын көріп, бейсаналы түрде болса да оған үйренісе бастайды деген сөз. Бұл да сол сияқты тәрбие құралдарының бірі болған сыңайлы» [4, 132б.]. Анологиялық түрде вирустар арқылы вирусты емдейтін екпелер сияқты деп айта аламыз.

Әншіде көрермен және өзі, яғни, «өзі-өзгелер» қатынасы орын алса, шаманда «Өзі және өзі». Бірақ тұстағы екінші өзі, ол басқа – Өзі, рухтанған, жоғары әлеммен, аруақтармен байланыс орнатқан Өзі (өзі емес).

Бұндай ұқсастықтар жай ғана сәйкестік емес, ол әсіресе, эстрада әуендеріндегі барт стилінен анық байқалады. Барт шындығында бақсының тамақпен айтуының жаңарған үлгісі тәрізді, оның тым төменгі тоны шабыт, рух, ер адамдық, батылдық сияқты сапаларды контекстуалды түрде жинақтайды. Бұл тұста, барт әншінің қойылымы мен бақсының үрдісі, қойылымды жалғыз орындауы да сәйкес келіп тұр. Шартты түрде модельдеп қарасақ, барт мәнерінде орындаушының айтқан әндерінің мазмұны діни-мистикалық тұрпатты болса немесе оған бақсы сарындарын айтқызса, сәйкестік анығырақ байқалады.

Талқылау

Татиан: *Шаманизмнің неошамандыққа ұмтылыстарының өнердегі, саз өнеріндегі көріністері тек қана XX ғасыр соңы мен XXI ғасырда айқындала бастаған болса, басқа дәуірлерде неліктен байқалмады?*

Бұндай еліктеушіліктер қай кезеңде де болмасын циклды түрде жүріп отырады және оған қоғамдық үдерістер мен сол дәуірдің мәдениеті айтарлықтай ықпал етеді. Мәселен, орта ғасырда пайда болған мұсылмандық сопылықтағы, христиандық исихазмдағы зікір транс діни, әуендік, трансқа түсушілік, бір әуенді қайталау, ақыр соңында есінен тана құлау т.б. көптеген қырлары жағынан бақсы сарындарының сол дәуірдегі «модернизациясы». Ал XX-XXI ғасырдағы модернизм мен постмодернистік мәдениет шамандық мәдениет элементтеріне соқпай кете алмады. Шаман зікірінің элементтерінің модернизациясының, субкультурациясының, модернизациясының, постмодернизациясының бейсаналық түрде іске асатындығын, ырықсыз түрде архетиптермен байланысатындығын назарда ұстауымыз керек. Адамзат оны арнайы, саналы түрде шамандық мәнермен модификациялап отырмайды, бірақ модерндік құбылту басқа бағытқа емес, нақ осыған алып келіп отыр.

Татиан: *Сіз эстрадамен, рок музыкамен, барт өнерімен шаманның сарындарын байланыстыруыңыз тек тамақпен айтуға ұқсатылған кездейсоқ сәйкестік емес пе?*

Бұл тұста, әуен және оның түрлері мен бақсының зікір салу ырғақтары арасындағы байланыстарды қуаттауда, қашанда, жарықтандырғыш, дауыс, би кимылдары, терапиялық жағдайы т.б. жарыспалы (параллельді) түрде жүріп отыратындығын үнемі назарда ұстау маңызды екендігін атап өтеміз, яғни, сәйкестік кешенді түрде құрылымданған.

Татиан: *Ал Сіз оның элементтерін неге тек музыкадан көре білдіңіз, жоғарыда атап*

өткендей, шамандықты тұтас мәдениет деп атауға болатын болса, ол басқа өнерлерден, қоғамдық өмірдің басқа да салаларынан нәліктен көрініс таппайды?

Әрине, мен қазіргі таңдағы мәдениетті «паннеошаманизм» деп атай алмаймын. Бірақ элементтері басқа салалардан да байқалып отырады. Мысалы, қолөнердегі тұрмыстық әшекей бұйымдарынан, әсіресе, әйелдердің металдан жасалған сәндеуіштерінен де көрініс табады: шолпыдағы, тұмардағы т.б. сыңғырлап дыбыстар, әрине, оның да үздіксіз сабақтасқан бірнеше жылдық тарихы бар. Шамандық дәуірдегі көне замандардан жалғасқан театрлық маскалар карнавалдарда пайдаланылады, сол сияқты грим жасау, татуировкалау т.б. да бақсы имиджінен көшірілген тәрізді.

Татиан: Өнерден басқа салардан мысалдар келтіріңіз?

Көне дәуірлерден бер келе жатқан халықтық медицинадан қазіргі академиялық медицина пайда болды. Бірақ ол өзінің даму арнасын өзгертсе де, бүгінгі таңдағы емшілер мен экстрасенстер сол көне шаман терапиясын жалғастырушылар. Ол бақсы құралдары таяқ, сым, қамшы т.б. көмекші құралдарды пайдалануынан анық көрінеді.

Медицинадағы вирустарды бақсылар адам денесіне еніп кеткен шайтани зиянды рухтар түрінде түсінді немесе шамандық медицинадағы осы зиянды рухтарды қазіргі медиктер вирустар деп атап жүр.

Көптеген мемлекеттерде ресми органдар ретінде құрылған стратегиялық зерттеулер институттары бар. Ол да бақсының, кейіннен фольклордан анық байқалатын басқа да өне иелерінің болашақты болжау технологияларының заманауи келбеті.

Қазір болашақты болжаумен арнайы футурология ғылымы шұғылданады, келешекті суреттейтін фантастикалық шығармаларда да кейде мистификациялық сюжеттер кездесіп қалады. Бұл тұста, осындай ұқсастықтарды мысалға алуымызға болады.

Татиан: Жақсы. Сіз философ ретінде енді бұндай аналогиялардың резонансты, болжампаздық, эксклюзивті, экзотикалық мысалдарын келтіріңізші?

Көне түркілік тәңіршілдік сенімінде, шаманизмде де, мүмкін екеуі бір-бірінен элементтерін өзара тасымалдаған шығар, болмыс негізінен иерархиялық тұрғыдан алғанда вертикалді үш қабаттан тұрады: жер асты, жер беті, аспан әлемі. Осы үш әлемде өзге болмыстар ретінде бір-біріне ұқсамаса да, әр түрлі құбылыстар бар: жоғары әлем аруақтар мен рухтар дүниесі, жер беті адамзаттың экзистенциалды тұрмыс-тіршілік ететін кеңістігі, жер асты өлі рухтар мекені немесе тылсым танылмайтын жұмбақ айқынсыздау шексіз алаң. Аналогиялық түрде мыңдаған жылдар бойғы ғылым дамуы ХХ ғасырда техногендік секірістерге бет түзеді және нәтижелерін күнделікті өмірде көріп-ақ жүрміз. Шамандық үш әлемнің мистикалық бейнесі қазіргі таңда реалданды. Мысалы, жер астындағы метро, ғарышты самғайтын зымыран, тікұшақ, ұшақ т.б. аспан әлеміндегі бір сәткі тіршілік болса, көп қабатты үйлер тұрақты тіршіліктің нышасы. Бірақ бұларда ешқандай да эзотерия, мистика, сакральділік жоқ болса да, сол шамандық мәдениеттің көне дәуіріндегі қоғамдық сана үшін магиялық болып қабылдана еді.

Татиан: Өнердегі осы көріністерді шамандықтың элементтерінің заманауи үлгіде тасымалдануы емес деген кереғар көзқарас тұрғысынан тоқталып өтсеңіз?

Шаманның тамақпен айтуына ұқсайтын үн әлемдегі құбылыстар мен басқа да тіршілік иелерінде де кездеседі. Сиырдың мөңірегін мен бұқаның айбарлануы, түйенің боздауы, қойдың маңырағаны, желдің гуіліне т.б. барлығының ішкі мәніне тереңдеп ену керісінше, шаманның сарындарын туғызған болса, жоғарыдағы мысалдар да аналогиялық тұрғыдан солай, табиғат құбылыстарының дыбыстарына, оған құлақ түрудің бейсаналы түрдегі жалғасуы. Отты

айналып билеу дәстүрлері аңшылықтағы олжасына қуанған алғашқы қауымдық құрылыс адамдарында да кездеседі, ал ырғаққа елігіп қимылға келу табиғи-физиологиялық қажеттіліктен туындаған организмнің сұранысы. «Қозғалыс материяның атрибуты, кеңістік пен уақыт оның өмір сүруінің формасы» аксиомасы тәрізді қозғалыс жай ғана организмнің өмір сүруінің формасы мен атрибуты. Немесе, батырлардың сауыт костюмдері мен құрал қалқандарында қызметі жағынан алғанда шамандық металмен байланыс жоқ, ол сәндік немесе мистикалық емес, тұрмысмәнділік, практикалық қажеттіліктен туындаған ұрыс құралдары.

Татиан: Сіздің бұл идеяларыңыз мәдениеттанулық, өнертанулық тұрғыға ұқсайды, енді таза философиялық, метафизикалық қырынан келіп, жалпы тұжырымыңызды екі-ақ сөйлеммен қортындылап берсеңіз?

Шаман экзотикасы адамзат эволюциясындағы үздікті-үздіксіз түрде сабақтасып келе жатқан, мәдениетте кейде күңгірттеніп, кейде айшықты көрініс тауып отыратын рухын үнемі қайталайтын, дәуірлер арнасында кезінде өзінің әлеуметтік-тұрмыстық қызметін игілікті түрде атқарған сан мыңдаған жылдық тарихы бар құбылыс. Сондықтан «шамандық архетиптер» заман ауысуындағы әр түрлі масштабтағы кедергілерге қарамастан басқа да архетип түрлері сияқты ерікті-еріксіз түрде бейсанада құрылымданғандықтан, әркілі деңгейде аренаға шығып отырады. Шаманның Менін тек жеке бақсылармен ғана бірегейлендіруге болмайды, ол кезінде санада қуатты орын тепкендіктен, жалпылама адамзат эволюциясының өн бойындағы сакральділік пен тылсымдықтың орталықтарының бірі ретінде сақталып қала береді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Әкім Ж. Қазақ идеясы. Түркі өркениеті негізінде-Алматы: Өлке, 2006.-232 б.
2. Квятковский Г.Ю. Рок-культура как объект социологического анализа: дисс.канд.социолог.наук.-Челябинск, 2002-183с.
3. Жайлымасова Ж. Үрей мен қорқыныштан арылуға музыка терапиясының әсері//Республикалық ғылыми-әдістемелік, психологиялық Жантану журналы, 2014-№ 5 (31).-14-17бб.
4. Нұрмолдаев С. Этномәдениетті коммерциязациялау үрдістері: модельдері мен болашағы.-дисс. док.PhD.-Алматы, 2021.-145б.

МРНТИ 01.1023

САЯСИ-ӘЛЕУМЕТТІК КАТЕГОРИЯ РЕТІНДЕГІ МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІҢ МӘНІ МЕН МАЗМҰНЫ

Матжанова Қ.К.

*Гумнитарлық ғылымдар магистрі
Құрманғазы ат. Ұлттық консерватория*

Аңдатпа

Мемлекеттік тілдің басты ерекшелігі – оның ту, елтаңба, әнұран секілді мемлекеттің рәміздерінің қатарында болуы. Мемлекеттік тілді рәміз ретінде қабылдау оның нақты бір ұлттық мемлекеттілікпен, нақты бір этноспен байланысын және оның құрметтеу мен қорғауды қажет ететін ұлттық игілік екенін айқындайды. Мемлекеттік тілдің осындай мәртебесі оны дамыту мемлекеттік тіл саясатының басым бағыты болуын және оның ресми қарым-қатынастар

саласы, білім беру, бұқаралық ақпарат құралдарынан басқа қолданыс аясын ұлғайтуды ұйғарады.

СУЩНОСТЬ И СОДЕРЖАНИЕ ГОСУДАРСТВЕННОГО ЯЗЫКА КАК ПОЛИТИКО-СОЦИАЛЬНОЙ КАТЕГОРИИ

Матжанова К. К.

Магистр гуманитарных наук

Им.КурмангазыНациональная консерватория

Аннотация

Главной особенностью государственного языка является его наличие в ряду государственных символов, таких как флаг, герб, гимн. Восприятие государственного языка как символа определяет его связь с конкретной национальной государственностью, конкретным этносом и является национальным достоянием, требующим уважения и защиты. Такой статус государственного языка предполагает, что его развитие станет приоритетным направлением государственной языковой политики и увеличит сферу его применения, кроме сферы официальных отношений, образования, средств массовой информации.

THE ESSENCE AND CONTENT OF THE STATE LANGUAGE AS A POLITICAL AND SOCIAL CATEGORY

Matzhanova K. K.

Master of Arts in Humanities

Kurmangazynational Conservatory

Annotation

The main feature of the state language is its presence in a number of state symbols, such as the flag, coat of arms, anthem. The perception of the state language as a symbol determines its connection with a specific national statehood, a specific ethnic group and is a national treasure that requires respect and protection. This status of the state language implies that its development will become a priority direction of the state language policy and will increase the scope of its application, in addition to the sphere of official relations, education, and mass media.

Қазақстанның бүгіні мен болашағына тікелей қатысты, көкейкесті мәселенің бірі – мемлекеттік тіл мәселесі. Мемлекет Тәуелсіздігінің басты нышанының бірі – мемлекеттік тіл екендігі дәлелдеуді қажет етпейді. Сондықтан да, мемлекеттің тілдің рөліне, мәртебесі мен қолданылу аясына, дамыту мәселелеріне ерекше мән беріліп отыр.

Тіл – тек қарым-қатынас құралы ғана емес, ол – ұлттық ділде көрініс табатын әлеуметтік құбылыс, мәдени құндылық. Бұл ретте Қазақстан Республикасының тіл саясаты мемлекеттік тілді дамытуға және республикада қолданылатын өзге де тілдер үшін жағдай жасауға бағытталған. «Қазақстан-2050» Стратегиясында: «Қазақ тілі – біздің рухани негізіміз. Біздің міндетіміз – оны барлық салада белсенді пайдалана отырып дамыту. Біз ұрпақтарымызға бабаларымыздың сандаған буынының тәжірибесінен өтіп, біздің де үйлесімді үлесімізбен толыға түсетін қазіргі тілді мұраға қалдыруға тиіспіз. Бұл – өзін қадірлейтін әрбір адам дербес шешуге тиіс міндет», - [1] деп көрсетілген. Стратегияда белгіленген басым бағыттардың бірі – барлық қазақстандықтарды біріктірудің басты факторы ретінде мемлекеттік тілді жан-жақты дамытуға басты назар аударылуы. Сондықтан қоғамда қазақ тілінің мемлекеттік дәрежесін нығайту және оның әлеуметтік- коммуникативтік міндеттерін кеңейту мемлекеттік саясаттың басты стратегиялық басымдығы болып қала береді.

Мемлекеттік тіл – нақты мемлекет ауқымында саяси, әлеуметтік және мәдени бірігу функциясын атқаратын және сол мемлекеттің рәмізі болып табылатын тіл. Мемлекеттік тілдің басты ерекшелігі – оның ту, елтаңба, әнұран секілді мемлекеттің рәміздерінің қатарында болуы. Мемлекеттік тілді рәміз ретінде қабылдау оның нақты бір ұлттық мемлекеттілікпен, нақты бір этноспен байланысын және оның құрметтеу мен қорғауды қажет ететін ұлттық игілік екенін айқындайды. Мемлекеттік тілдің осындай мәртебесі оны дамыту мемлекеттік тіл саясатының басым бағыты болуын және оның ресми қарым-қатынастар саласы, білім беру, бұқаралық ақпарат құралдарынан басқа қолданыс аясын ұлғайтуды ұйғарады.

Әлемдік тәжірибені қарастыратын болсақ, көптеген мемлекеттерде «мемлекеттік тіл» ұғымымен қатар, «ресми тіл» деген түсінік қалыптасқанын көруге болады. Алайда, оларды өзара жақын, бірақ бірдей, тепе-тең ұғымдар ретінде қарастыруға болмайды. Мысалы, Біріккен Ұлттар Ұйымының Білім, Ғылым және Мәдениет ұйымының (ЮНЕСКО) сарапшылары 1953 жылы осы ұғымдарды бөліп қарастыруды және оларға бөлек анықтама беруді ұсынған болатын. «Мемлекеттік тіл» (national language) – нақты мемлекет ауқымында саяси, әлеуметтік және мәдени бірігу функциясын атқаратын және сол мемлекеттің рәмізі болып табылатын тіл; «ресми тіл» (official language) – мемлекеттік басқарудың, заң шығару, сот ісін жүргізу тілі. Бұл анықтамалар ұсыныс түрінде жасалған. Дегенмен, заңнамаларында «мемлекеттік тіл» немесе «ресми тіл» ұғымдары кездесетін көптеген елдерде бұл ұғымдар синонимдар ретінде қолданылады. Мысалы: Кипрдың (3 бап), Польша (27 бап), Словенияның (11 бап), Болгарияның (3 бап), Турцияның (3 бап), Андора Княздығының (2 бап) конституцияларында ресми тілдің мәртебесі айқындалған. Ал Испанияның (3 бап), Лихтенштейн княздығының (6 бап), Монако княздығының (8 бап) конституцияларында мемлекеттік және ресми тіл ұғымдары қатар қолданылады [2, С.115.]. Ал 1995 жылы республикалық референдум нәтижесінде қабылданған Қазақстан Республикасы Конституциясының «Жалпы ережелер» атты 1 бөлімінің 7 бабында «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік тіл - қазақ тілі. Мемлекеттік ұйымдарда және жергілікті өзін-өзі басқару органдарында орыс тілі ресми түрде қазақ тілімен тең қолданылады», [3, 6 б.] - деп нақтыланған.

Мемлекеттің негізін қалыптастыратын басты заңнамалық құжатта қазақ және орыс тілдеріне осындай мәртебе берілуінің өзіндік себептері бар деуге болады. Бір жағынан ол тәуелсіздік алғаннан кейін мемлекеттің атауына негіз болған «титұлды» ұлт тілінің басымдылығын мойындау және қолдау болып табылса, екінші жағынан сол кезде орыс тілінде іс жүргізуден, қарым-қатынас жасаудан тез арада толық бас тартудың мүмкін болмағанын білдіреді. Бұл «мемлекеттік тіл» және «ресми тіл» ұғымдарының терминологиялық тұрғыда сәйкес келуіне әкеліп отыр.

Алайда, «мемлекеттік тілдің» бірқатар өзіндік ерекшеліктері бар. Олардың негізгісі – нақты бір мемлекеттің болуымен тығыз байланысты болуы. Мемлекеттік тіл қандай да бір мемлекет аумағындағы ресми қатынастар саласында қарым-қатынас құралы қызметін атқаруы тиіс. Бірақ оның қолданыс аймағы тек осымен шектелмейді. Ол мемлекеттік билік және жергілікті өзін өзі басқару органдарының, мемлекеттік мекемелердің, сот ісін жүргізу мен заң шығару, мемлекеттік рәміздер мен топонимиканың, сонымен қатар, білім беру мен тәрбие саласының, ақпарат тарату аясының жұмыс тілі болып табылады, яғни көпұлтты қоғам өмірі салаларының басым бөлігінің қарым-қатынас құралы.

Қолдану аясы және атқаратын функцияларына байланысты «ресми тіл» «мемлекеттік тілге» қарағанда ауқымы тар ұғым болып табылады. Бірақ оны мемлекеттегі құқық субъектілерінің көпшілігі қолданысқа енгізе алады. Мемлекеттен басқа мемлекеттік құрылымдар, әкімшілік-аумақтық бірліктер, ұлттық азшылықтар, саны аз байырғы халықтар тығыз қоныстанған муниципалды құрылымдар мемлекеттік тілден басқа қандай да бір ұлттық тілді ресми қолданысқа енгізуді жүзеге асыра алатын құқық субъектілері болып табылады. Нақтырақ айтсақ, мемлекет құрамындағы автономды республикалар, автономды қауымдастықтар, әкімшілік бірлестіктер және т.б. «Ресми тіл» мекеменің, қоғамдық немесе халықаралық ұйымның, саяси партияның және т.б. ресми қарым-қатынас және ресми іс

жүргізу тілі болатын «жұмыс тілі» ұғымымен сәйкес келеді, тек оны қандай субъект – мемлекет, ұлттық-мемлекеттік немесе әкімшілік-аумақтық бірлестік, мемлекеттік билік немесе жергілікті өзін өзі басқару органы қолданысқа енгізгені және пайдаланаты жағынан ғана өзгеше болады.

Қандай да бір ұлттық тілдің мемлекеттік немесе ресми тіл мәртебесіне ие болуы бірқатар объективті себептерге байланысты болады. Ең алдымен ол тілдің өзіне қойылатын талаптарға байланысты. Әрине, ұлттық тілдің әдеби, жазбаша формалары болуы тиіс. Ұлттық тіл қоғамдық қатынастар саласында атқаратын функцияларына сәйкес дәрежеде дамыған болуы қажет. Сонымен қатар, мемлекеттік тілді таңдау барысында осы тілді қолданушылардың саны және таралу дәрежесі де маңызды болып табылады. Алайда ол әрдайым сәйкес келе бермейді. Мемлекеттік тілді айқындау көпұлтты мемлекет аумағында тұратын ұлттар мен ұлыстарды біріктіру үдерісінің бір бөлігі болуы да мүмкін. Алайда көпұлтты мемлекетте ұлттық тілдердің еркін дамуы қағидасы осы мемлекет аумағында орын алған және қолданылатын ұлттық тілдердің барлығының заңды түрде бекітілген теңдігі және олардың дамуына оңтайлы жағдай жасау негізінде мұқият сақталуы тиіс.

Мемлекеттік немесе ресми тілді конституциялық-құқықтық негізде бекіту сол мемлекеттегі тілдердің құқықтық тәртібінің ең басты және ең маңызды бөлігі болып табылады. Ол мемлекет аумағында ресми қатынастар саласында ұлттық тілдерді қолданудың заңды негізін ғана емес, сонымен қатар, оларды ұстанушылардың тұлға, этнос ретіндегі құқықтарын да айқындайды. Мемлекеттік тілді заңды негізде анықтау көбінесе ұлттық құрылымы күрделі және тұрғындары қолданатын ұлттық тілдер мен диалектілер саны көп мемлекеттерге тән құбылыс. Мемлекеттік тілді енгізу көпұлтты мемлекеттер үшін маңызды және күрделі үдеріс болып табылады. Бұнда мемлекет аумағында қолданылатын тілдердің құқықтық тәртібімен қатар, ұлттық азшылықтардың ұлттық-тілдік қатынастар саласындағы құқықтарын қорғаудың құқықтық механизмдерін қалыптастыру және мемлекеттік тіл немесе ресми тілмен қатар оларды қолдану жағдайы мен тәртібін заңды түрде анықтау мәселесі туындайды. Сондықтан көпұлтты мемлекет жағдайында жалпы мемлекеттік тіл саясатының ұстанымдарын құқықтық негізде бекіту, мемлекеттің тұтастығының белгісі болып табылатын мемлекеттік тілдің, сонымен қатар объективті қажеттіліктерге сәйкес ресми тілдің мәртебесін айқындау, ұлттық тілдердің қатынасы мәселесін шешу, тілдерді пайдалану аясындағы тұлғаның құқықтары мен еркіндіктерін айқындау, яғни тілдердің құқықтық тәртібінің негізін қалыптастыру қажет.

Тұрғындарының басым бөлігі бір ұлтты құрайтын, яғни тұрғындары негізінен бір тілді болып келетін моноұлтты мемлекеттер үшін мемлекеттік тілдің мәртебесін айқындау қандай да бір ұлттық тілдің басым жағдайын бекіту және ұлттық-тілдік қатынастар саласында ұлттық азшылықтардың құқықтарына кепілдік берумен шектеледі. Кейде мемлекеттік тілді енгізу тілге байланысты мәселелерді шешумен емес, мемлекеттің дамуының тарихи себептерімен айқындалынады. Көбінесе бұндай елдердің заңнамаларында ұлттық тілдің ерекше құқықтық тәртібін айқындайтын құқықтық нормалар кездеспейді.

Мемлекеттік тілді енгізгеннен бастап мемлекет пен оның азаматтары арасында өзара міндетті құқықтар мен міндеттер кешені қалыптасады. Ол құқықтар мен міндеттер тек ұлттық-тілдік қарым-қатынастар шеңберімен шектелмейді. Нақты бір ұлттық тілді білу «тұлға» - «мемлекет» арасында байланыстың қалыптасуына негіз болады. АҚШ, Швейцария, Белорусия, Эстония секілді бірқатар мемлекеттердің заңнамасында азаматтық алудың бір шарты ретінде мемлекеттік тілді білу талабы көрсетілген.

Қазақстан Республикасының 1997 жылы қабылданған «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» заңының 4 бабында: «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі - қазақ тілі. Мемлекеттік тіл - мемлекеттің бүкіл аумағында қоғамдық қатынастардың барлық саласында қолданылатын мемлекеттік басқару, заң шығару, сот ісін жүргізу және іс қағаздарын жүргізу тілі», - деп анықтала отырып, мемлекет азаматтарының қазақ тіліне қатынасы да нақтыланды. Атап айтқанда, «Қазақстан халқын топтастырудың аса маңызды факторы болып табылатын мемлекеттік тілді меңгеру - Қазақстан Республикасының әрбір азаматының парызы», - деп

көрсетілген [4]. Олай болса, өзін Қазақстан Республикасының толық мәнді азаматымын деп санайтын әрбір тұлға мемлекеттік тіл – қазақ тілін меңгеруі, жетік білуі тиіс. Ал мемлекет тарапынан барша азаматтардың қазақ тілін еркін және тегін меңгеруіне қажетті жағдайлар жасалады, барынша қолдау көрсетіледі. Бірақ, қазақ тілі мемлекеттік тіл болса да, қазірдің өзінде Қазақстан аумағында басым тіл болып табылмайды. Дәлел ретінде әлеуметтік зерттеулер нәтижесін келтіруге болады. 2020 жылы жарық көрген «Қазақстандық қоғамының құндылықтары әлеуметтанулық өлшемдер тұрғысында» атты ұжымдық еңбекке сүйенсек: «Қазақстан тұрғындарының 39% қазақ тілінде еркін сөйлейді, оқиды, жазады. Олардың 51,5% қазақтар, 11,6% орыстар және 22,9% басқа этностар өкілдері» [5, С.19]. Сондай-ақ, «Зерттеу көрсеткендей, орыс тілі бұрынғыдай Қазақстанда кең тараған. Респонденттердің 51,4% ол тілде еркін сөйлейді, оқиды және жазады. Респонденттердің ширекке жуық бөлігі орыс тілін, соның ішінде кәсіби лексиканы еркін меңгергендерін атап өтті. Олардың ішінде 17,5% қазақтар, 23,5% басқа этностар өкілдері және 38,3% орыстар» делінген [5, С.20]. Бұдан мемлекет өз азаматтарына мемлекеттік тіл саласында талаптар қойғанымен, мемлекет тарапынан маңызды заңнамалық құжаттар қабылданып, мемлекеттік тіл мәселесі Қазақстан Республикасы Үкіметінің үнемі назарында болуына қарамастан, мемлекеттік тілді үйрену және қолдану әлі де толық жүзеге аспағанын көруге болады. Атап айтқанда, Қазақстан Республикасы Президентінің 2001 жылғы 7 ақпандағы № 550 Жарлығымен бекітілген «Тілдерді қолдану мен дамытудың 2001-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы», Қазақстан Республикасының Үкіметі 1999 жылғы 8 қаңтарда бекіткен «Қазақстан Республикасындағы Тіл туралы» Заңның орындалуына бақылау жасаудың тәртібі туралы ережесі», 2005 жылы қазанда Қазақстан Республикасы Үкіметінде өткен кеңесте Тілдерді қолдану мен дамытудың 2001-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы, Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 29 маусымдағы № 110 Жарлығымен бекітілген Тілдерді қолдану мен дамытудың 2010-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы негізінде қазақ тілін мемлекеттік тіл мәртебесіне лайық пайдаланудың аясын кеңейтіп, ресми құжаттарды ресімдеудегі ролін жетілдіре түссе де, толық тұрғыда өз мақсатына жеткен жоқ деуге болады.

Сонымен, мемлекеттік тіл - мемлекетпен байланысты туындаған саяси әрі әлеуметтік лингвистикалық категория. Қандайда бір тілдің мемлекеттік тіл ретінде танылуы, дамуы қоғамның, мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық құрылымына, саяси күштерінің мүдделерінде, олардың ұстанған ішкі, сыртқы саясаттарына, халықтың әлеуметтік лингвистикалық бағыт-бағдарына байланысты болады. Демек, *мемлекеттік тіл дегеніміз – елдің барлық аумағында және түрлі өмір салаларында қолданылуы баршаға міндетті болып табылатын, ресми жағдайы мемлекеттік дәрежеде белгіленген, белгілі бір мемлекеттің әлеуметтік-коммуникативтік жүйесінің негізгі компоненті.*

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

- 1 Назарбаев Н.Ә. «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» // Алматы ақшамы. – №151-152 (4713). -2012. -15 желтоқсан.
- 2 Мечкоская Н.Б. Общее языкознание: структурная и социальная типология языка.- Минск: Амалфея, 2000.-368 с.
- 3 Қазақстан Республикасының Конституциясы. – Алматы: ЖШС «Баспа», 2001.- 47 б.
- 4 «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Қазақстан Республикасының Заңы // Егемен Қазақстан. 1997. 15 шілде.
- 5 Ценности казахстанского общества в социологическом измерении. Алматы: Издательство «ТОО «DELUXE Printery», 2020 - 143 с.

ГРНТИ161.1:005.44

ФУТУРОЛОГИЯ: АДАМЗАТТЫҢ МӘДЕНИ-ӘЛЕУМЕТТІК ҮДЕРІСТЕРІНІҢ ПЕРСПЕКТИВАСЫ.

Абеуова Ш.Қ.

ф.ғ.к., доцент университет доценті

Аңдатпа

Бұл мақалада футурологияның өзекті мәселелерін және оның жіктелуі келтірілген. Бұл жерде футурология ілімінің аясын кеңейту қажеттігі туындайды, себебі, оны тек адамзат болашағымен шектеуге болмайды, сондықтан, «футурология дегеніміз – уақыт өлшемінің болашақтағы мазмұнын тұтастай зерттейтін адамзат үшін практикалық тұрғыдан аса маңызы бар ілім», -деп тұжырымдауымызға болады. Қазіргі таңдағы адамзатты алаңдатып отырған ғаламдық мәселелер мен адам мен әлем арасындағы қайшылықтар, болашаққа үміт пен сенімнің бекітілуі мен жоғалуы, келешектің тұңғыш асқақтығы мен көз жетер уақыттың айқындығы сияқты түйткілдер жаңаша таным кұруды, дүниені түйсінудің өзіндік тың ұстанымын айғақтауды және оған деген өзгеше көзқарас қалыптастыруды қажет етіп отыр.

Тірек сөздер: космофутурология, геофутурология, биофутурология, антропофутурология, социофутурология, этнофутурология.

ФУТУРОЛОГИЯ: ПЕРСПЕКТИВЫ КУЛЬТУРНО-СОЦИАЛЬНЫХ ПРОЦЕССОВ ЧЕЛОВЕЧЕСТВА.

Абеуова Ш. К.

к. ф.н., доцент доцент Университета

Аннотация

В данной статье представлены актуальные проблемы футурологии и ее классификация. Здесь возникает необходимость расширения сферы учения о футурологии, поскольку его нельзя ограничивать только будущим человечества, поэтому можно сделать вывод, что «футурология – это учение, имеющее важное практическое значение для человечества в целом, изучающее содержание измерения времени в будущем». Такие проблемы, как глобальные проблемы, волнующие человечество в настоящее время, противоречия между человеком и миром, утверждение и утрата надежды и веры в будущее, беспредельность будущего и ясность времени, требуют нового познания, подтверждения собственной позиции мировосприятия и формирования иного отношения к нему.

Ключевые слова: космофутурология, геофутурология, биофутурология, антропофутурология, социофутурология, этнофутурология.

FUTUROLOGY: PERSPECTIVES OF CULTURAL AND SOCIAL PROCESSES OF HUMANITY.

Abeuova Sh. K.

k. f. n., Associate Professor Associate Professor of the University

Annotation

This article presents the current problems of futurology and its classification. Here there is a need to expand the scope of the doctrine of futurology, since it can not be limited only to the future of humanity, so we can conclude that " futurology is a doctrine of great practical importance for humanity as a whole, studying the content of the measurement of time in the future." Such problems as the global problems that concern humanity at the present time, the contradictions between man and the world, the assertion and loss of hope and faith in the future, the boundlessness of the future and the

clarity of time, require new knowledge, confirmation of one's own position of world perception and the formation of a different attitude to it.

Key words: cosmofuturology, geofuturology, biofuturology, anthropofuturology, sociofuturology, ethnofuturology.

«Адамды әрқашан да болашақ қызықтырды, бұл заңды да, әрқайсымыз: жылдан және ондаған жылдардан кейін алда бізді не күтіп тұрғандығын, ертеңгі күні қалай өмір сүретіндігімізді, біздің балаларымыз, немелеріміз бен шөберелеріміздің болашағын, адамзат өздерінің әлеуметтік, мәдени және ғылыми-техникалық жеңістерін сақтай ала ма, бұл өмір әсем және бейбітшіл бола ма, олар қандай жаңа мәселелермен кезігетіндігін білгіміз келеді», - деген пікірлер[1], шындығында, баршаның, тіпті ғылыми ғана емес, бұқаралық санадағы алаңдайтын түйткілдер болып табылады. Себебі, футурологиялық зерттеулер үшін барлық ғылымдардың тарихи танымдық зерттеу нәтижелері және олардың кешені аса қажетті ақпараттар бере алады, сонымен қатар, кез келген барлық ғылыми жаңалықтар мен олардың мазмұндары болашақтану ілімінің теориялық-әдіснамалық жақтарын толықтыра түседі. Мәселен, деректерге сүйенсек, Нобель сыйлығының лауреаты Ричард Фейнман 1959 жылы нанотехнологияны физика заңдарына сүйеніп болжаған[1]. Ғылыми анықтамаларға сүйенсек; «Футурология кең мағынасында – адамзаттың болашағы туралы ілімдердің жиынтығы, тар мағынасында – әлеуметтік үдерістердің перспективасын қамтитын ғылыми білімдердің аймағы; болжау мен болжам ұғымдарының синонимі ретінде қолданылады. 1960 жылдардың басында бұл термин Батыста «болашақ тарих», «болашақ туралы ғылым» деген мағынада кең тарады»[2, 751б.], - деген түсіндірмелер жалпылама пайымдалған анықтамалар. Бұл жерде футурология ілімінің аясын кеңейту қажеттігі туындайды, себебі, оны тек адамзат болашағымен шектеуге болмайды, сондықтан, «футурология дегеніміз – уақыт өлшемінің болашақтағы мазмұнын тұтастай зерттейтін адамзат үшін практикалық тұрғыдан аса маңызы бар ілім», - деп тұжырымдауымызға болады. Сондықтан, жалпыдан жекеге қарай жүріп, оны мынадай салаларға жіктеп алуымыз қажет.

Қазіргі таңдағы адамзатты алаңдатып отырған ғаламдық мәселелер мен адам мен әлем арасындағы қайшылықтар, болашаққа үміт пен сенімнің бекітілуі мен жоғалуы, келешектің тұңғыш асқақтығы мен көз жетер уақыттың айқындығы сияқты түйткілдер жаңаша таным құруды, дүниені түйсінудің өзіндік тың ұстанымын айғақтауды және оған деген өзгеше көзқарас қалыптастыруды қажет етіп отыр.

Осы тұрғыдан алғанда, әрбір ғылым өздігінше болжамдық пайымдауларын ұсына алады. Ал соңғы кездері философия ғылымындағы тиімді және әзірге ақиқатқа қол жеткізудің басты құралы деп түсініліп жүрген интегративтік әдіснама тек жаратылыстану мен қоғамдық ғылымдардың бірлігін ғана емес, миф, дін, оккультизм сияқты ғылыми емес білімдердің де түбірлестік тұтастығын қалайды. Мәселен, М.Изотов миф пен магияның өзі қазіргі ғылыми таным үшін басқа тұрғыдан қиюласатын мүмкіндіктер ашатындығын атап көрсетсе[3, 321б.], Д.Ө. Құсайынов ғылыми емес білімдердің өз құпияларын бойларында сақтап келе жатырғандығын, оларға да үлкен мән беру қажеттігін атап көрсетеді[4, 223 б.].

Футурологияның объектісін – болашақтағы болуы ықтимал құбылыстар ретінде белгілеп, пәнін – ғарыштың, жердің, қоғамның, ұлттың, мемлекеттің, адам болмысының даму болашағы және олардың модельдерін жасау және болжамдық зерттеулердің тарихы мен бүгінгі күйін таразылау деп нақтылап, зерттеудің әдіснамалық және теориялық негіздерін былайша жүйелеп көрсетуімізге болады. Бірінші, интегративтік әдіснама – жаратылыстанудағы ғылыми білімдер және олардың болжамдары, діни ұстанымдар және «әлеуметтік мифтердің» мазмұндары, ғылыми емес танымдағы көріпкелдік, фантастикалық әдебиеттер, саяси сараптамалар, ғылыми футурологиялық болжамдар мен концепциялар т.б. қамтиды. Қазіргі логоцентристік бағыттағы түсініктердің кейбірі осы ғылыми емес болжамдарды жоққа шығарады. Мәселен, фантастиканың болжамдық қызметі турасында Урсула Ле Гуин өз ойын былайша түйіндейді: «Алдын-ала айту жазушылардың емес, пайғамбарлардың, көріпкелдердің,

футурологтардың ісі»[5].

Екінші, болашақты болжау туралы ғылыми дәстүрлі әдістер: экстрополяция, модельдеу, салыстыру, прогностика, тарихилық пен логикалық, кез-келген құбылысты «ретроспекция-интроспекция-перспектива» түзілімі бойынша зерделеу т.б. Бұл жердегі тарихилық қағидасының қолданылу деңгейі кеңірек, ойдың, не идеяның өрбу тарихын ғана емес, болашақ туралы болжамдардың өзі тарихтың екінші медальдік жағы болуымен ерекшеленетіндігімен айғақталады. Осы түйткілді нақтырақ математикаландырып модельдесек, тұтас уақытты минус пен плюске қажарып(дихотомиялап), екі жағы шексіз түзу ретінде ұсынсақ, нәлді қазіргі кезеңмен белгілесек, сол жағы тарих, оң жағы футурология шұғылданатын болашақ уақытқа айналады. Ендеше, тарих та, футурология да, сайып келгенде, уақытты зерттеу ілімі болып шығады. Тарихты субстрат ретінде (бұл мәселелерде, тек әлеуметтік тарих қана емес, жалпы әлем эволюциясымен тұтастанған ұғым бойынша) мысалға алсақ, қазіргі заманғы әлемдік ой санада атап көрсетіліп жүргендей, «футурология болашақ тарих»[6], ендеше, тарих бұрынғы болашаққа айналады. Себебі, шындыққа тура паралапар келген футурологиялық ілімдерге тарихқа айналу, оған сәйкестену тән, ол тарихтың өзіне айналуы (өту емес) арқылы өзінің болашақтанулық деңгейін паш ете алады. Осы мәселенің теориялық жағын онтологиялық тұрғыдан Б.Сатершинов былайша ашып көрсетеді: «Осылайша «өткен шақ-осы шақ» оппозициясы өзінің «осы шақ - болашақ», «өткен шақ - келешек» сынды модификацияларына ие болады»[7,676.]. Ендеше, «өткен-осы-болашақ» тұтастанып парадигмаланады.

Сонымен қатар, болжаудың қолданбалы және тәжірибелік тәсілдерін төрт түрге топтастырып ұсынған, әлеуметтанулық, психологиялық әдістерге ғана басымдылық беретін жүйені үшінші топқа жатқызуымызға болады: «1.Дельфи тәсілі мен сауалнама жүргізу арқылы жалпы пікірді туындатуға бағытталады; 2. Статикалық әдістер, экстраполяция сияқты; мүмкін болатын талдау, регрессивті және корреляциялық талдау; 3. Қазіргі өмір сүріп тұрған жүйемен ұқсас болашақты іздеу және келешектің сценарийін құрастыру; 4. Рольдік ойындар, келіссөздер арқылы болашақты жоспарлау, жобалау бойынша жұмыс». Бірақ бұл зерттеулерде респонденттердің пікірін шикізат ретінде пайдалану, бұқаралық сананың зерде қорларын қолдану сияқты ғылым этикасына жатыңқырымайтын тәсілдер де бар екендігін атап өтуіміз керек. Мәселен, «миға штурм жасау» әдісі белгілі бір адамдардың ерік шабыты мен еркін фантастикалық қиялдау күшіне сүйеніп, әр бағыттағы, көп нұсқалы идеяларды жинау және оны сұрыптауды басшылыққа алады[8].

Футурологиялық зерттеулердің нәтижесі мен практикалық туындысы немесе өнімі – *Болжам* болып табылатындықтан, оны былайша жіктеп алуды жөн көрдік. Пайымдау тұрғысынан болжамды: сенім мен сезімге басымдылық беретін – *эмоционалдық* сипатты және зерде мен парасатты пайымдауды басшылыққа алатын – *рационалдық* тұрпатты; эмоционалдық сипаттың өзін: *пессимистік* (құлдыраушылық, тоқыраушылық, ақыр замандық), *бейтарап*, *оптимистік* мазмұндарға бөлуге болады.

Проблеманың қойылуы тұрғысынан: *антифутурологиялық* (діни, мистикалық ілімдердегі «болашақ – Абсолюттің, Жаратушының қолында, оны жобалауға адамзаттың ой санасы жетпейді немесе құқы жоқ» деп есептейтін көзқарастар, нигилистік және сыни футурология) *футурологиялық* (ғылыми теориялық), *фантасмофутурологиялық* (шектен тыс көзсіз сенімділікке сүйену, оккультистік парадигмаларды сынсыз қолдану, фантастикалар мен мифтердің болжамдық қызметтері аясындағы өнімдер).

Амплитудасы бойынша: *тактикалық*– нақты өмірлік практикамен байланысты және көз жетерлік жоспарларды тиімділік тұрғысынан іске асыруды мақсат тұтады, *стратегиялық*– саяси-әлеуметтік мақсаттарға бағдарланған ілгерілеудің нақтырақ жобалары, *жақын болашақтық*– бұл мерзім алыс келешекпен салыстырмалы түрде алынады, сондықтан бұл, көп жағдайда, ұлт пен мемлекеттің және қоғамның алдағы даму немесе кері кету үдерістерінің модельдерінің құрылуымен шартталады, *алыс болашақтық*– қоғам мен әлемнің эволюциясын, бізге мүлде беймәлім, тіпті адамзаттың болуы мен болмауы екіталай болып келетін «алып дәуірлерді» қамтыса, *үмітсіз шексіз келешектік*– тұңғыық белгісіздік пен түпсіз

танылмайтындық, абстракті трансценденттік, бұны тұспалды түрде «адамзат эволюциясының аяқталмағандығы тіптен күмәнді болуы өз алдына, осы әлем тәмамдалып, одан соң, баламалы бірнеше әлемдердің дәурені өтіп, жалпы қандай ма болмасын болмыс атаулыдан соң, шексіздік пен мәңгіліктен де кейінгі, уақыт пен кеңістік парадигмаларын аяқтаған априорлы, ақылға сыйымсыз» деп атауға болатын «мерзім тәрізділік» немесе таным субъектісі пайымдауындағы ғана шартты алдағы уақыт. Бірақ бұлардың ешқайсысында нақты, дәйекті хронологиялық уақыт кестесі болмайды, тек шартты түрде ғана осылай ажырату неғұрлым қисынды.

Әрине, бұл мақалада болашақтану ілімін жаңадан негіздеп отырған жоқпын, оның қалыптасуы мен бастапқы идеялары көне замандардан бастау алады және ол ой-пікірлер рухани ғылыми дискурс аймағында сұрыпталып, таразыланып, екшеліп келе жатыр. Ендеше, осыған байланысты, футурология ілімін бір-бірінен ажырамас төрт бөлімге бөліп қарастыруға болады: *тарихы, теориясы, сыны, мазмұны*. Тарихын шартты түрде: есте жоқ ескі замандардан бастау алатын, адамзат руханиятымен бірге жасасып келе жатырған, байырғы рухани мәдениеттің тұтас синкретті дәуірлеріне келіп саятын, нақтырақ айтқанда, мифтік кезеңді қамтитын, болашақ туралы идеялар стихиялы құрылған – *протофутурология*, тұтас идеялық түбірлестіктің дифференциацияланып, ғылым дамуы екшеленіп шыққаннан кейінгі мезгіл – *предфутурология*, Рим клубында талқыланған болашақ жөніндегі мәселелерден кейінгі – *ғылыми футурология* және қазіргі заманғы бұл ілімнің арнайы жолға қойылған, ғылымиланған дәстүрі қалыптасып келе жатырған уақыты бойынша – *постфутурология* деп жіктеп көрсетуімізге болады. Сондай ақ, біз шолу жасап отырған отырған мәселелердің өзі, оның теориялық бөлімінің аясына енгізіледі. Ал футурология сыны мәселесіне келсек, негізінен барлық ғылымдарда да сын бар, ал кейбір қоғамдық ғылымдарда ол арнайы ажыратылады, мәселен – әдебиет сыны. Мазмұны – болашақ туралы ілімдер, болжамдар, идеялар мен тұжырымдамалардың ғылыми жүйесі болып табылады.

Бұл алаңдау, шындығында, тек психологиялық қана емес, шындығында, адамның тәндік-биологиялық болмысымен де тұтасады: «Адам өзін-өзі түсінетін, өткенді есте сақтауға, болашақты болжауға, бірақ қазіргі шындықта ғана өмір кешетін бірден-бір саналы қоғамдық жануар. Табиғат адамға ақыл-ой сыйлады, өзінің болашағына ақылмен қарасын..» [9, 174б.].

Қорыта айтқанда, әлемдік ғылыми танымдық дискурс аймағында қазіргі заманда айтарлықтай беделге ие болып келе жатырған және соңғы уақытта зерттеушілер атап көрсетіп жүргендей, алдымен, философиялық ойтаным [15] болумен қатар мәдениеттанулық парадигмаға неғұрлым жақынырақ болып табылатын футурологиялық зерттеулерді елімізде де жүйелі қолға алу керектігі, ол үшін барлық ғылым саласының мамандарын, өнер иелерін, тіпті көріпкелдердің басын біріктіріп, арнайы ғылыми зерттеу институтын құру қажеттігі бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің бірі деп айта аламыз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. <http://www.transhumanism-russia.ru/content/view/39/126>
2. Философский энциклопедический словарь.-М:Сов.энцикл.,1983.-840 с.
3. Изотов М. Превобытная магия как пролог научного эксперимента//Проблема духовности в современном мире.: сб. материалов международной научно-теоретической конференций, посвященной 70-летию К.Ш.Шулембаева. 16-17 марта 2007 года. КазНПУ им. Абая, ИФиП МОН РК, АСНК, Алматы: «СаГа».-2007.-560с.
4. Құсайынов Д.Ө. Дәстүрлі дүниетаным қазақ философиясының қалыптасуының түпнегізі //Дүниежүзілік философиялық ой дамуы контекстіндегі қазақ философиясының теориясы мен тарихы.-Алматы: «КИЕ» лингво елтану инновациялық орталығы, 2010.-448 б.
5. <http://ru.wikipedia.org/w/index.php?title=>
6. inductor1.ucoz.ru/rubl/28-1-0-224
7. Сатершинов Б.М. Тарихи сана – тәуелсіздіктің рухани тұғыры.-Алматы: ҚР БҒМ ҒК ФжСИ КБО, 2011.-291б.
8. <http://ru.wikipedia.org/wiki>

9.Тұрғынбаев Ә.Х. Қазіргі жаратылыстану концепциялары. Оқу құралы. Алматы: Білім, 2003.-188 б.

ГРНТИ 06.81.23

САНА МӘСЕЛЕСІНДЕГІ ОЙ МЕН СЫНИ ОЙЛАУДЫҢ МӘНІ.

Додаева Қ.Ж.
гуманитарлық ғылымдар магистрі,
Қазақтың Спорт және туризм академиясы.

Аңдатпа

Мақалада ойлау мен сыни ойлау адамның жеке өмірінің феномені, дүниені тану және абстрактілі ойлау түрі тарихының мәні, қоғам өміріндегі парадигма ұғымы, когнитивтілік мағанасы, сонымен қатар сыни ойлау ретіндегі ерекшелік мәселелері қарастырылады. Сыни ойлаудың тарихы және оның қазіргі ой жүйесіндегі орны туралы мәселе, қазіргі қоғамда кеңінен талқылануда. Бірақ, бұл ұғымның бастауы қайда деген орынды сұрақ туындайды. Мақалада осы сұрақ та тереңірек талқыланады.

Түйін сөздер: ойлау, сыни ойлау, білім беру, абстрактілі ойлау, түйсік, логика, дүниетаным, білім беру технологиясы.

СУЩНОСТЬ МЫСЛИ И КРИТИЧЕСКОГО МЫШЛЕНИЯ В ПРОБЛЕМЕ СОЗНАНИЯ.

Додаева К. Ж.
магистр гуманитарных наук,
Казахская академия спорта и туризма.

Аннотация

В статье рассматриваются вопросы мышления и критического мышления как феномена личной жизни человека, сущности истории познания мира и абстрактного типа мышления, понятия парадигмы в жизни общества, когнитивности, а также специфики как критического мышления. Вопрос об истории критического мышления и его месте в системе современной мысли широко обсуждается в современном обществе. Но тут возникает вполне обоснованный вопрос, где истоки этого понятия. В статье этот вопрос также будет обсуждаться более подробно.

Ключевые слова: мышление, критическое мышление, образование, абстрактное мышление, интуиция, логика, мировоззрение, образовательные технологии.

THE ESSENCE OF THOUGHT AND CRITICAL THINKING IN THE PROBLEM OF CONSCIOUSNESS.

Dodaeva K. Zh.
Master of Humanities,
Kazakh Academy of Sports and Tourism.

Annotation

The article deals with the issues of thinking and critical thinking as a phenomenon of a person's personal life, the essence of the history of knowledge of the world and the abstract type of thinking, the concept of a paradigm in the life of society, cognitiveness, as well as the specifics of critical thinking. The question of the history of critical thinking and its place in the system of modern thought

is widely discussed in modern society. But here there is a well-founded question, where are the origins of this concept. The article will also discuss this issue in more detail.

Keywords: thinking, critical thinking, education, abstract thinking, intuition, logic, worldview, educational technologies.

Қоғамның философиялық және ғылыми білім қалыптасу тарихындағы сыни ойлаудың жетілуі, сыни фалсафаның антикалық тәжірибесі, Парменид пен Горгийдің онтологиялық пікір таласы. Сонымен бірге, Сократ пен Платонның сыни фалсафалық стилі. Антикалық скептицизм. Аристотельдің Органоны. Сол сияқты YII-XXғ.ғ. Еуропалық философия және қазіргі заманғы сыни ойлау Ф.Бэкон, Ж.-Ж.Руссо, И.Кант, М. Хайдеггер, Дж. Дьюи, Х.-Г. Гадамер, Э. Фромм, К.Поппер және басқалардың пікірлеріне сүйене отырып сыни ойлаудың сараптамалық моделін жасауға болады. Бұл үшін алдымен логика және сыни ойлау, логика-дұрыс ойлау туралы ғылым ретіндегі тартыстарын зерттеу қажеттілігіне назар аударуымыз керек. Формалды логика - ойлау формалары туралы ғылым. Диалектикалық логика – философиялық пайымдау әдісі ретінде, оның негізінде диалектиканың заңдары жатыр. Формалді емес логика – табиғи тілдегі аргументтеуді үйрену. Бұл мәселені Аристотель еңбектерін негізге ала отырып дәлелдеген жөн.

Сонымен қатар, қазіргі білім беруде когнитивтік психологияны да салыстырған орынды. Себебі бұл ұғым өзкезегінде сыни ойлау көзқарасына толық талдау жасайды. Қазіргі заманғы когнитивтік психология – білім мен ғылымның табиғаты туралы әдебиеттерде бұл мәселе кеңінен қарастырылған.

Когнитивті психологияның білім беру парадигмаларын және сыни ойлауды жаңа арнайы білім пәні ретінде қалыптастырудағы рөлі үлкен. Ол жазу және сызу арқылы сыни ойлаудың технологияларын дамыта және қалыптастыра отырып ғылыми негіздеме жасайды.

Қазіргі заманғы сыни ойлау бағытын дамытып жатқан зерттеушілер: Д.Халперн [1, С.10], С.И.Заир-Бек [2,С.21], Д.Кластер [3, С.6], К.Мередит, Д.Стил, Ч.Темпл, С.Уолтер [4, С.15] және т.б. Сыни ойлау - адамның жаңа әлеуметтік және жеке өміріндегі оның орны мен міндеттерін анықтайды.

Ойлау–объективті шындықты белсенді бейнелеудің жоғарғы формасы, [дүниені тану](#) мен игерудің жоғарғы сатысы, тұлғаның танымдық әрекеті. Ойлау формалары мен құрылымдарында адамзаттың бүкіл танымдық және тарихи-әлеуметтік тәжірибесі, материалдық және рухани мәдениеті дамуының басты нәтижелері қорытылып негізделген. Сыртқы дүниені толық тануға түйсік, қабылдау, елестер жеткіліксіз болады. Біз тікелей біле алмайтын заттар мен құбылыстарды тек ойлау арқылы ғана білеміз. [Түйсік](#), [қабылдау](#) процестерінде сыртқы дүниенің заттары мен құбылыстары жайлы қарапайым қорытындылар жасалады. Бірақ қарапайым қорытындылар сыртқы дүние заттары мен құбылыстарының ішкі құрылысын, оның қажетті қатынастары мен байланыстарын жөнді ашып бере алмайды. Адамның ой-әрекеті, әсіресе, түрлі мәселелерді бір-біріне жанастыра отырып шешуде өте жақсы көрінеді. Ойлау дегеніміз, ең алдымен, шындық дүниенің адам миында бейнеленуі болып табылады. Ол біріншіден, дүниетанудың нәтижесі болса, екіншіден, дүниені тереңірек, толығырақ танып - білудің құралы. Себебі, заттар мен құбылыстардың сезім мүшелері арқылы танып - білуге болмайтын ішкі қасиеттерін, мәні мен сырын тек ақыл - ойға салып, ойқорытындылар жасау арқылы ғана танып біле аламыз. Дүниені таныпбілудің жолы – білмеуден - білуге қарай, дәл емес, толымсыз білімнен дәл де толық білім қарай өту жолы екені белгілі. Таным процесі айналадағы шындық дүниені сезім мүшелері (көру, есту, иіс сезу, сипап сезу) арқылы тікелей бейнелендіруден, сөйтіп нақты білім алудан басталады. Бұл сезімдік таным деп аталады. Адамды сыртқы дүниемен тікелей байланыстыратын бұл сезімдік таным шындық дүние жайындағы біздің біліміміздің қайнар көзі.Сезімдік таным үш негізгі формада іске асады. Олар: түйсік, қабылдау және елестету.

Түйсік дегеніміз-материалдық дүниедегі заттар мен нәрселердің сыртқы көрінісі, түсі, иісі, дәмі, түрі сияқты жеке дара нақты белгілері мен қасиеттерін бейнелендіру. Ал нәрселерді

белгілі - бір сапа, қасиеттер бірлігі түрінде біртұтас зат ретінде бейнелендіру қабылдау деп аталады. Сезімдік танымның жоғарғы формасы болып табылатын елестету - бұрын қабылданған, ал дәл қазір сезім мүшелерінің алдында жоқ нәрселердің көрнекі бейнесін қайта жаңғырту процесі. Мәселен, студент аудиторияда отырып- ақ, ауылдағы анасының немесе әкесінің бейнесін көз алдына келтіре алады. Бұл да көрнекі бейне. Мұнда да жалпылау процесі жоқ.

Сезімдік танымның бұл үш формасы нәрселердің сыртқы бейнесін ғана бейнелендіреді. Алайда адам мұндай көрнекі бейнемен, нақты біліммен ғана шектеле алмайды. Ол жеке көрнекі бейнелерді жалпылап, нәрселердің ішкі қасиеттерін, мәнін танып - білуге, табиғат пен қоғамның заңдарын ашуға тырысады. Ал бұл абстрактілі ойлау арқылы ғана іске асады.

Абстрактілі ойлау дүние танудың екінші, жоғары сатысы болып табылады. Сезімдік танымға қарағанда, ойлау дүниені тереңірек және толығырақ танып білуге мүмкіндік береді. Абстрактілі ойлау біртектес заттар мен құбылыстарға тән нақты, кездейсоқ және жеке - дара қасиет, белгілерді назардан тыс қалдыра отырып, олардың бәріне тән жалпы да мәнді белгілерін жинақтап, жалпылап бейнелендіреді. Егер адам заттардың көрнекі белгілерін сезім мүшелері арқылы бейнелендірумен қанағаттанып қана қойса, онда ол құбылыстар арасындағы себепті байланыстар мен тәуелділіктерді аша алмайды. Мәселен, күннің күркіреуі мен найзағай жарқылының арасындағы байланысты, күн мен айдың тұтылуы себептерін, т.б аша алмас еді.

Сонымен, абстрактілі ойлаудың негізгі ерекшеліктері мына төмендегідей:

Біріншіден, ойлау шындықты жинақталған түрде бейнелендіреді. Сезімдік танымға қарағанда, ойлау нәрселердің жеке жақтарын назардан тыс қалдырып, олардың бәріне тән жалпы, мәнді жақтарын жинақтайды. Мәселен, күн сайын толып жатқан адамдарды көреміз. Олардың жасы, жынысы, ұлты мен кәсібі алуан түрлі, біреулер ұзын бойлы, екіншілері қысқа бойлы, біреулердің шашы қара, екіншілерінікі сары, т.б. Олардың бәрін ойша салыстыра келгенде, бәріне ортақ мынадай маңызды белгілерін - еңбекке, ойлауға және сөйлеуге қабілеттілігін бөліп алып, жинақтап, адамның абстрактілі бейнесін жасаймыз да жеке адам жайындағы ұғымнана жалпы адам туралы ғылыми ұғымға көшеміз. Дәл осылайша жинақтау және абстракциялау жолымен «материя», «сана», «мемлекет» сияқты толып жатқан ғылыми ұғымдар құрылады. Сөйтіп, абстрактілі ойлау жинақтаудың арқасында шындықты барынша тереңірек танып біледі.

Екіншіден, ойлау шындықты тікелей бейнелендіру емес, жанама бейнелендіру, яғни ойқорытындыларын жасау арқылы белгілі білімдерден жаңа білім қорытып шығару процесі болып табылады. Ойлаудың үшінші ерекшелігі- оның тілмен тығыз байланыстылығында. Адам миында қандай ой пайда болмасын ол тілдік материалдың негізінде ғана туындап, іске асады. Адам өз ойын ауызша білдірсе де, жазбаша түрде білдірсе де, ойласа да, бәрібір, өз ойын сөз немесе сөйлем түрінде құрады. Адамдар тілдің көмегімен өзінің ойлау қызметінің нәтижелерін тұжырымдап, бір- бірімен пікір алысып, өзара түсініседі.

Ойлаудың логикалық формасы деп оның құрылысын, яғни құрамдас бөліктерінің байланысу тәсілін айтады. Ойлау формасы болып табылатын ұғымдар, категориялар, идеялар мен теориялар танымның субъектісі мен объектісінің арасын байланыстырып тұрған қоғамдық тәжірибенің негізінде, қоғамдық-тарихи процесте қалыптасып дамиды және заттар мен нәрселердің сезімдік таным формаларында (түйсік, қабылдау, елес) берілмейтін мәнді байланыстары мен қатынастарын өрнектейді. Осының арқасында адам дүниенің заңдары мен заңдылықтарын танып білуге мүмкіндік алады, алды-артын болжап, болашағын айқындап, алдына саналы мақсаттар қойып, соларға жету жолдарын саралайды, табиғатты өзгертеді және өзі де өзгереді. Адам өмірінде, тәжірибелік және танымдық қызметінде шешуді қажет ететін мәселелер туындап, соларды қою және шешу барысында ойлау қабілеті де түрленіп, шығармашылықпен дамып отырады.

Дүниетанудың мақсаты- дүние жайында ақиқат білім алу. Философияда ақиқат деп біздің біліміміздің шындыққа дәл сәйкес келу мазмұнын айтады. Мәселен, «Жер күнді айналады» деген пікір- ақиқат ой. Ал керісінше, «Күн де ай да, барлық жұлдыздар да жерді айналады» деген жалған пікір ерте заманда ғасырлар бойы үстемдік жасап келді. Әлем жайында білімнің

барған сайын тереңдей түсуінің нәтижесінде астрономия ғылымы бұл пікірдің жалғандығын, яғни шындыққа сәйкес келмейтіндігін дәлелдеді.

Дүниетану процесінде біз тікелей сезім мүшелерінің көрсеткеніне, тәжірбиелік нақты фактілерге ғана сүйенбей, адамзаттың ғасырлар бойғы практикасы мен ғылыми танымы жинақтаған білімдерге де сүйенеміз. Бұрын ашылып, практикада дәлелденген жалпы білімдерден пайымдау арқылы жаңа білім қорытып шығару фактісін біз ғылымнан да күнделікті өмірде де сан рет кездестіреміз. Мұндай білімдер ғылымда қорытпа білім деп аталады. Мәселен, XVI- ғасырда кемемен жүзіп, Жерді айналып шыққан португалдық Магеллан оның шар тәрізді екенін алдын ала көзімен тікелей көре алған жоқ. Логикалық пайымдаулар арқылы жасалған: «Жер- шар тәрізді домалақ дене» деген қорытпа білімнің ақиқаттығына кәміл сенгендіктен ғана бес кемемен жабдықтап, батыл түрде Батысқа қарай жүзіп кетті. Ал жердің шар тәріздес екенін тек біздің ғасырымызда ғарышқа ұшудың нәтижесінде ғана тікелей көруге мүмкіндік туды. Ойқорытындылар жасағанда, бір пікірді дәлелдеуге немесе бекерге шығаруға, жалған пікірлердің теріс екенін дәлелдеп, ұғымды анықтауға, т.б. логикалық әрекеттерді іске асыруға тура келеді. Мұның бәрі белгілі - бір логикалық ережелерге бағынуы тиіс.

Ой қорытындыларын жасай отырып, ақиқат білімге жету үшін, міндетті түрде мына екі талап орындалуы тиіс: біріншіден, алғышарт болып табылатын негізге алынатын бастапқы пікірлеріміздің ақиқат болуы, яғни ақиқаттығы дәлелденген болуы тиіс, екіншіден, пайымдау барысында ойымыз логика заңдарына сәйкес құрылуы қажет. «Егер біздің алғышарттарымыз ақиқат болса және біз оларға ойлау заңдарын дұрыс қолдансақ,- деп жазды Ф.Энгельс,- онда нәтиже шындыққа сәйкес келуі тиіс». Бұл ойды мынанадай қарапайым мысалдар арқылы түсіндірсек болады:

«Айнала қоршаған орта биосферамен тығыз байланыста, биосфера тіршілік ету ортасы. Бірақ барлық зат тіршілік ету ортасымен тығыз байланысқа түспейді». Олай болса, қоршаған орта мен тіршілік ету ортасы деген ой екі жақтылық пікір тудырады сөйтіп жалған және ақиқат пікір тудырады. Содан салыстыра отырып, алғышарт негіздемесі моделі жасалады.

Логиканың заңдарын, көптеген идеалист –философтар айтқандай, адамдар өз қалауынша, өз еркінше қолдан жасап алған жоқ. Олар – материялық дүниедегі заттар мен құбылыстардың байланыстары мен қатынастарының адам миында табиғи бейнеленуі.

Ал сыни ойлау дегеніміз негізделген қорытынды жасауға және оқиғаларды сараптауға пайдаланылатын, сонымен қатар алынған нәтижелерді жағдайлар мен проблемаларға нақты қолданатын пікірлер жүйесі. Жалпы алғанда сыни ойлау сынға дейінгі ойлауға қарағанда жоғары деңгейде қаралады десек болады. Қай қауымдастықта болмасын ойлаудың сыни деңгейіне өту үшін - сол қауымдастықтың өркениетті дамуының алғышарттары болуы қажет.

Сыни ойлаудың анықтамасына келсек, тар мағынасында ол «қорытындының дұрыс берілуі». Сонымен қатар «ойлау туралы ойлау» деп те сипатталады. Кең таралған анықтамалардың бірі - «не істеп және неге сену керектігін шешуге бағытталатын рефлексивті ойлау». Бұдан гөрі кең ауқымдағы анықтама – «бақылау, тәжірбие, ойлау нәтижесінде туған немесе алынған ақпаратты бағалау немесе сараптау, қолдау, синтездеудің ақыл - ойға негізделген процесі».

Психолог Диана Халперн [1, С.10] сыни ойлауды танымның әдістерін пайдаланумен, бақылаудың болуымен, негізделгендігімен, мақсатқа бағытталғандығымен ерекшеленеді дейді. Бұл әдістер есептерді шешкенде, ықтимал бағалауда, шешім қабылдағанда қолданылады. Ол сонымен қатар, сыни ойлауға логикалық ойқорытуларды құру, келісілген логикалық модельдерді құрастыру, негізделген шешімдерді шығару тән екендігін атап көрсетеді. Бұл анықтамалардың барлығы нақты когнитивті мәселелерді шешуге бағытталатын психикалық белсенділікті талап етеді.

Д.Клустер [3, С.6] өзінің «Сыни ойлау дегеніміз не?» деген мақаласында сыни ойлаудың мынадай параметрлерін көрсетеді:

1.Сыни ойлау дара ойлау болып табылады.

2. Ақпарат жіберілген, сыни ойлаудың соңғы нүктесі емес.
3. Сыни ойлау сұрақты қоюдан және шешуге тиісті мәселені анықтаудан басталады.
4. Сыни ойлау аргументке жүгінеді.
5. Сыни ойлау әлеуметтік ойлау болып табылады.

Сыни ойлаудың мынадай деңгейлері бар:

- 1) эмпирикалық деңгей – фактілерді сыни тексеру;
- 2) теориялық деңгей – теорияны сыни тексеру;
- 3) метатеориялық деңгей – нормалар мен құндылықтарды сыни тексеру

«Сыни ойлаудың негізгі ерекшелігінің бірі - тарнцендентальды рефлексияның болуы, яғни субъектінің өзіне - өзі есеп беруі, ойлау сананың қай қызметін пайдаланады: құндылықтарға бағыттала ма, танымға ма немесе мақсатқа жетудің құралдарын іздей ма? Рефлексия шығармашылық процестің тұлғалық жағын қалыптастыруда жетекші роль атқарады. Ол ішкі тәжірибенің қайнар көзі, өзін - өзі танудың тәсілі, ойлаудың қажетті құралы болып табылады. «Рефлексия» ұғымы философияда пайда болып, индивидтің болып жатқан оқиғаларды өз санасында саралау процесін білдірді. Рефлексия (лат. Reflexio- кері қайтару) - субъектінің ішкі психологиялық жағдайлары мен күйлерін өзін - өзі тану процесі, адамның теориялық іс- әрекетінің түрі болып табылады. Рефлексияның мақсаты: еске түсіру, шығару, іс- әрекеттің негізгі компоненттерін сезіну - оның мағынасын, түрін, тәсілдерін, мәселелерін, шешу жолдарын, алынған нәтижелерді, бір - біріне деген, педагог пен студенттің арасындағы қарым – қатынастарды, еңбекке деген қатынас және т.б.

Оқытудың, тәрбиенің әдістерін, танымның механизмдерін, интеллектуалды іс- әрекетті түсінбей, олар өздеріне берілген білімді игере алмайды. Рефлексивті әрекет студентке өзінің даралығын, өзгешелігін сезінуге мүмкіндік береді. Сыни ойлау рефлексияның болуын, ұғымдармен, пікірлермен, ойқорытындымен, сұрақтармен жұмыс істей білу керектігін талап етеді. Сыни ойлаудың негізгі принциптерін шартты түрде екі топқа бөліп қарастыруға болады: Философиялық және методологиялық принциптер

Нақты инструментальдық принциптер

Сыни ойлауды дамыту технологиясының дәстүрлі оқытудан басты айырмашылығы білімнің дайын күйінде берілмеуі. Нақты жағдайда «мынаны былай жазу немесе айту керек» деп көрсетпей, студенттің өзінің шығармашылық ойлауының орын алуына мүмкіндік беру, шешім қабылдауға үйрету, жауапкершілігін артыру. Сыни тұрғысынан ойлау технологиясының ең басты өлшемі – оның мақсаттылығы, тиімділігі, нәтижелігі, жаңашылдығы және өзкезегінде қорытындылануы. Осы ойды тереңінен талдасақ, мақсаты білім алуға ұмтылатын шәкіртке жол көрсету, оқуға қызығушылығын ояту, сабақта оқушыны ізденіске бағыттау, оның шығармашылық тұлғасын қалыптастыру.

Тиімділігі оқушыларды өз ойын еркін жеткізуге дайындау, сабақты өткізу барысында стратегиялардың барлығы үш кезең арқылы жүзеге асуы, мұғалімнің сапалы сабақ өткізуіне мүмкіндік туғызу, ғылыми-теориялық тұжырымдамаларының тереңдігімен ерекшеленеді.

Нәтижесі оқушының қызығушылығын арттырады, іскерлік дағдысы, ойлау белсенділігі, тапқырлығы, өзіне деген сенімі қалыптасады, терең білім алуға жағдай жасап қана қоймай, коммуникативтік қатынасын қалыптастырады, оқушыны ізденіске жетелейді. Мұның қорытындысында мынандай үш кезеңнен тұратын технология құрылымын көреміз:

Қызығушылықты ояту;

Мағынасын тану;

Ойтолғаныс.

Осындай технологиялардың құрылымының мәнінде сыни ойлаудың нақты инструменталды ерекшелігін қарапайым ойлаумен салыстыра отырып төмендегі тізбектерге қол жеткіземіз:

А) Сыни ойлау → Бағалаушы пікір → Сарапталған пікір → Жіктеу → Жібериу → Қорытындыны логикалық түрде жасау → Принциптерді түсіну → Гипотеза құру → Аргументпен пікір айту → Критерии негізінде пікірді ұсыну.

Ә) Қарапайым ойлау → Жорамал жасау → Сәйкестендіру → Топтау → Сенім → Қорытынды жасау → Ассоциация бойынша ұғымдарды біріктіру → Жорамалдау (жеткілікті негізсіз) → Аргументсіз пікір айту → Критериге сүйенбей пікір айту.

Сонымен бірге, ойлаудың кемшіліктері мен жоғары сапаларын салыстыру:

А) Озық принциптерге негізделген ойлау → Анықтық → Нақтылық → Ашықтық → Мұқияттылық → Мәнділік → Сабақтастық → Логикалық → Тереңдік → Толықтығы → Маңыздылығы → Шынайылығы.

Ә) Сапасыз ойлау → Анық еместігі → Нақты еместігі → Белгісіздігі → Жауапсыздығы → Мәнсіздігі → Келісілмегендігі → Логиканың жоқтығы → Таяздығы → Толық болмауы → Маңызды еместігі → Шынайы еместігі.

Шығыс даналығы былай дейді: «Маған айтсаң, ұмытып қалам, көрсетсең есімде қалар. Ал, өзім істесем, үйреніп алам». Яғни, адамның ынтасын жетелеу, қызығушылығын ояту арқылы оқыту, үйрету қажет деген сөз. Сыни тұрғыда ойлау – оқытушының бағыттауымен оқушының өз бетімен білімді игеруге, бір-бірімен қарым-қатынас жасауға тәрбиелейді. Ойлау да оқу, жазу, сөйлеу және тыңдау сияқты іс-әрекет. Ол – белсенді, тұжырымдалған, күрделі шын ойды айтатын құбылыс. «Сыни тұрғыдан ойлауға тәрбиелеу негізінде оқушылардың кестелер, суреттер, оқулық дәптермен жұмыс істеу іскерліктері де артады. Осы бағдарламамен оқыту нәтижесінде оқушылардың өзін-өзі бақылау, бағалау, сөйлеу, тыңдау қабілеттерінің артатыны байқалады. Сыни тұрғыдан ойлаудың стратегиялары өте көп. Ол іс-әрекеттер студенттерге:

-еркін ойлауға мүмкіндік береді;

-ақыл-ойын дамытады;

-шығармашылық белсенділігі артады;

-ұжымдық іс-әрекетке тәрбиелейді;

-тіл байлығы жетіледі;

-жан-жақты ізденеді;

-өз ойын жеткізеді;

Бұндай нәтиже ізденудің индивиттік бағалауға бағытталатыны сөзсіз. Қазіргі замандағы нано-технологиялардың адам ойымен тіпті кей жерлерде ұшқырлығымен көзге түсуі сыни ойлаудың нәтижесі деп кесіп айтуға болады.

1. Халперн Д. Психология критического мышления.– СПб.:Изд-во«Питер», 2000.– 512 с.

2. Заир-Бек С.И. Критическое мышление. М., 2002.

3. КлустерД. Что такое критическое мышление?//Критическое мышление и новые виды грамотности.- М.: ЦГЛ, 2005. С.5-13.

4.Стил Дж., Мередит К., Темпл Ч., Уолтер С. Популяризация критического мышления: пособие. М., 1997.

Удк -316.74., 316.728

РУХАНИЯТ ҰЙЫМДАСТЫРУШЫЛЫҚ МӘДЕНИЕТ ПЕН КӨШБАСШЫЛЫҚТЫ ДАМУДЫҢ НЕГІЗІ РЕТІНДЕ

Сеңгербекова Мадина

Абай ат. Қазақ Ұлттық Педагогикалық университеті

7М03102 Мәдениеттану мамандығының 2 курс магистранты

Алматы қ. smart_etalon_2020@mail.ru

Аңдатпа

Бұл мақала жұмыс орнындағы руханият мәселесіне арналған. Ортадағы руханият ұғымы талқыланады. Жұмыс орнында руханият тұжырымдамасын жүзеге асыру ретінде рухани ұйымдастырушылық мәдениетті қалыптастыру қарастырылады. Рухани ұйымдастырушылық мәдениеттің белгілері көрсетілген –мақсаттың күшті сезімі, жеке дамуға шоғырлану, сенім мен ашықтық, қызметкерлердің өкілеттіктерін кеңейту, эмоциялар көрінісіне төзімділік. Рухани ұйымдастырушылық мәдениетті құру тәсілі-рухани көшбасшылық.

Кілт сөздер: руханият, жұмыс орнындағы руханият, рухани ұйымдастырушылық мәдениет, рухани көшбасшылық, рухани әл-ауқат.

ДУХОВНОСТЬ КАК ОСНОВА РАЗВИТИЯ ОРГАНИЗАЦИОННОЙ КУЛЬТУРЫ И ЛИДЕРСТВА

Сенгербекова Мадина

Казахский национальный педагогический университет им.Абая

Магистрант 2 курса специальности 7м03102 Культурология

Г. Алматы smart_etalon_2020@mail.ru

Аннотация

Эта статья посвящена проблеме духовности на рабочем месте. Обсуждается понятие духовности в среде. В качестве реализации концепции духовности на рабочем месте рассматривается формирование духовной организационной культуры. Проявляются черты духовной организационной культуры-сильное чувство цели, концентрация на личностном развитии, доверие и открытость, расширение полномочий сотрудников, терпимость к проявлению эмоций. Способ создания духовной организационной культуры-духовное лидерство.

Ключевые слова: духовность, духовность на рабочем месте, духовная организационная культура, духовное лидерство, духовное благополучие

SPIRITUALITY AS A BASIS FOR THE DEVELOPMENT OF ORGANIZATIONAL CULTURE AND LEADERSHIP

Sengerbekova Madina

Kazakh National Pedagogical University named after Abaya

2nd year Master's student specialty 7m03102 Cultural Studies

Almaty smart_etalon_2020@mail.ru

Annotation

This article focuses on the issue of spirituality in the workplace. The concept of spirituality in the environment is discussed. As an implementation of the concept of spirituality in the workplace, the formation of a spiritual organizational culture is considered. The features of the spiritual organizational culture are manifested-a strong sense of purpose, concentration on personal development, trust and openness, expansion of the powers of employees, tolerance for the manifestation of emotions. The way to create a spiritual organizational culture is spiritual leadership.

Keywords: spirituality, spirituality in the workplace, spiritual organizational culture, spiritual leadership, spiritual well-being

Қазіргі әдебиетте және басқару тәжірибесінде ұйымдастырушылық мәдениет кез-келген ұйымның маңызды атрибуты ретінде қарастырылады. Құндылықтар, нормалар мен ережелер жүйесі ретінде түсінілетін ұйымдастырушылық мәдениет ұйым мүшелерінің мінез-құлқы мен қабылдауына, жеке және топтық іс-әрекеттің тиімділігіне, ұйымның сыртқы ортаға бейімделуіне әсер етеді (Занковский, 2000). Ұйымдастырушылық мәдениетті жетілдіру және дамыту мәселесі өте өзекті, сондықтан оны талқылауды менеджменттегі парадигмалардың келесі ауысуы туралы тезисті белгілеуден бастаған жөн. Цифрлық экономикаға кіру бизнес

ішіндегі қатынастар жүйесін айтарлықтай өзгертеді, атап айтқанда, ұйымдар қызметінің барлық салаларында моральдық-этикалық нормалардың сақталуын талап етеді (Виханский, Миракян, 2018).

Қазіргі және болашақ ұйымдардың ұйымдастырушылық мәдениетін қалыптастырудағы белгілі бір тенденциялар болып жатқан өзгерістердің көрінісі болып табылады –бұл этикалық, инновациялық мәдениетті құру; клиенттердің қажеттіліктеріне сезімталдыққа негізделген мәдениетті құру және рухани ұйымдастырушылық мәдениетті құру (Роббинс, Култер, 2007). Осы жұмыс аясында Рухани ұйымдастырушылық мәдениеттің ерекшеліктері ерекше қызығушылық тудырады. Рухани ұйымдастырушылық мәдениеттің қалыптасуын жұмыс орнындағы руханияттың басқарушылық тұжырымдамасын жүзеге асырудың бір аспектісі ретінде қарастыруға болады (Замулин, 2010). Үндеу ұғымына рухани ұйымдық тұрғыда барынша кең тараған, соның ішінде, отандық әдебиетте. Айта кету керек, бұл дизайнды қолдану оның күрделілігі мен әмбебаптығына байланысты қиын: ақыл, дін мен сенім, шығармашылық, шындық, мағына, этика руханилықты түсінудің негізі ретінде қабылдануы мүмкін (Романенко, 2017). Дегенмен, зерттеушілер мен практиктер ұйымдардың қызметіндегі руханияттың ерекше маңыздылығын мойындауда бұл зерттеулерге барлығы келісім білдіреді. ((Вихан, Миракян, 2018).

Жұмыс орнындағы руханият ұғымы адамдардың ішкі өмірін танудан және олардың өзін және жердегі тағдырын тереңірек түсінуге деген ұмтылысынан туындайды (Роббинс, Култер, 2007). Адамдар жұмыс орнында көп уақыт өткізеді, сондықтан олар өз жұмыстарын әлемде мағыналы және өзгертін нәрсе ретінде қабылдауға деген ұмтылысын арттырады. Ұйым қызметкерлері жұмыста жетістікке жету қажеттілігін сезінеді, олар өздерін жақсы өмір сүру үшін бірге күресетін қоғамдастықтың бір бөлігі ретінде сезінгісі келеді. Рухани ұйымдастырушылық мәдениеттің ерекше сипаттамаларына толығырақ тоқталайық.

Ғылыми әдебиеттерде «Ұйымдастырушылық мәдениет» ұғымымен қатар, синонимдес осы ұғымды толықтыратын «ұжымдық мәдениет», «ұйымдасқан климат», «әлеуметтік-психологиялық климат», «ұйым мәдениеті» және т.б. ұғымдар қолданылады. Яғни, мұндай дефинициялардың көп болуы ұйымда болып жатқан процестер мен құбылыстардың күрделілігін және отандық ғылымда бұл мәселе толық қарастырылып бітпегендігін көрсетеді. Бүгінгі күнде «ұйымдастырушылық мәдениет» және «ұжымдық мәдениет» терминінің мағынасы мен мәнін анықтап, нақтылап алу, осы екі ұғымды бір – бірінен ажырату керек пе және осы екі ұғымды бөліп қолдану керек пе немесе оларды синоним ретінде қолданған дұрыс па деген мәселелер жиі қозғалуда. Осы түсініктерге көптеген ғылыми пәндердің жүгінуі мәселенің өзектілігін арттыруда.

Біріншіден, бұл күшті мақсат сезімі. Рухани ұйымдастырушылық мәдениет әлеуметтік маңызды мақсаттарға негізделген: мысалы, бұл клиенттерге сапалы қызмет көрсету, тауарлар мен қызметтерге ең төменгі бағаны қамтамасыз ету және қоршаған ортаны қорғау болуы мүмкін. Рухани ұйымдастырушылық мәдениеттің тағы бір ерекшелігі –қызметкерлердің жеке дамуына жағдай қарастыру. Осындай мәдениеті бар ұйымдар өз қызметкерлерін жеке және кәсіби жетілдіру үшін барлық жағдайларды жасауға тырысады.

Сонымен қатар, рухани ұйымдар сенім мен ашықтықпен ерекшеленеді. Қызметкерлермен, тұтынушылармен және барлық мүдделі тараптармен қарым-қатынаста менеджерлер шынайылықты, адалдықты көрсетеді, олар өз қателіктерін мойындаудан қорықпайды және өз қызметіндегі кемшіліктерді талқылауға дайын.Талқыланған ұйымдардың тағы бір ерекшелігі –билікке ие болу және қызметкерлердің өкілеттіктерін кеңейту. Рухани мәдениеті бар ұйымдарда жұмыс процесі туралы шешім қабылдауда Тәуелсіздік көтермеленеді, өйткені менеджерлер өздерінің бағыныштыларына сенеді және олардан негізделген және этикалық тұрғыдан дұрыс әрекеттерді күтеді.

Қызметкерлердің эмоциялар көрінісіне төзімділік сияқты рухани ұйымдастырушылық мәдениеттің мұндай сипаттамасы өте тартымды. Компаниялар адамдардың әртүрлі сезімдерді сезінуі мүмкін екенін мойындайды және олардың көрінісі айыпталмауы керек және

санкцияларды қолдануға әкелуі керек (Роббинс, Култер, 2007). Рухани ұйымдастырушылық мәдениетті қалай қалыптастыруға болады? Әдебиеттерде жоғары менеджменттің ұйымдық мәдениетті дамыту мен қолдаудағы шешуші рөлі туралы тезис қалыптасқанын ескере отырып, бұл үшін арнайы типография қажет деп болжауға болады (Шейн, 2002). Бұл тұрғыда Л. Фрай ұсынған Рухани көшбасшылық тұжырымдамасы ең маңызды болып көрінеді (Фри, 2003).

Л.Фрай рухани көшбасшылықты жұмысшыларға жоғары мақсаттар табуға және әлеуметтік өзара байланысты сезінуге мүмкіндік беретін жұмыс ортасының мәдениетін жетілдіру әдісі ретінде қарастырады. Ол рухани көшбасшылықтың таралу себептерін XX ғасырдың аяғы мен ХХІ ғасырдың басындағы жұмыс ортасындағы түбегейлі өзгерістерден көреді. Егер бұрын алдын-ала болжанатын болса және басқару қорқыныш, зорлық-зомбылық және мәжбүрлеу мәдениеті аясында әрекет етсе, қазіргі уақытта ұйымдастырушылық орта болжанбайтын, фирмаларды жаһанданған нарықтардағы бәсекеге қабілеттілікті сақтауға икемді, жаңашыл, бейімделгіш болуға мәжбүр етеді. Л. Фрайдың көзқарасы бойынша, рухани көшбасшылық оның тұжырымдамасының негізгі элементтері ретінде әрекет ететін үміт пен сенімнің, көзқарас пен альтруистік махаббаттың өзара әрекеттесуінен туындайды.

Автордың жеке және ұжымдық рухани көшбасшылықпен бөлісуі өте маңызды. Жеке көшбасшылық көшбасшының ресми рөлімен байланысты жеке білімге, дағдыларға және қабілеттерге, сондай-ақ көшбасшылардың ізбасарларына біржақты әсер етуіне негізделген (Fry et al., 2011). Ұжымдық көшбасшылықта ұйымның барлық мүшелері қатысатын ұжымдық әлеуметтік ықпал процесіне басымдық беріледі. Ұжымдық рухани көшбасшылық дәстүрлі көшбасшылық-центристік көзқарасты жеңеді және топтың барлық мүшелерінің рухани қажеттіліктерді қанағаттандыруға және ұйымдастырушылық міндеттеме мен тиімділікті арттыруға қатысуын қамтиды. Осылайша, кәсіптің дамуына, топтың мүшелігі мен тиімділігіне оң әсер ететін әрбір адам көшбасшы болып саналады. Л.Фрайдың рухани көшбасшылығының негізгі компоненттерінің мазмұны туралы толығырақ тоқталайық. Жеке көшбасшылықты жүзеге асыру үшін көшбасшының келесі қасиеттері маңызды (Fry, 2003):

Негізгі стейкхолдерлерге кеңінен жүгінуді көздейтін жақын көзқарас жоғары идеалдарды көрсетеді, сапа стандарттарын белгілейді, мақсаттар мен оларға қол жеткізу тәсілдерін анықтайды, сенім мен үмітті көтермелейді; сенім мен адалдықты, адалдықты, кешірімді, қабылдау мен ризашылықты, адалдықты, батылдықты, кішіпейілділікті, мейірімділікті, төзімділікті, жанашырлықты, қарапайымдылықты білдіретін альтруистік махаббат. Ұйымдағы ұжымдық өзара әрекеттесу мен әлеуметтік өзара әрекеттесуге негізделген ұжымдық көшбасшылыққа үміт пен сенім, көру және альтруистік махаббат кіреді (Фри соавт., 2011).

Үміт пен сенім. Үміт-бұл орындалуды күткен тілек. Сенім үмітке сенімділік қосады. Бірге алынған үміт пен сенім-бұл ешқандай дәлел жоқ нәрсеге берік сенім. Олар құндылықтарға, қарым-қатынасқа және мінез-құлыққа негізделген, олар абсолютті сенімділік пен қалаған және күткен нәрселердің орындалатынына сенімді. Адамдардың Үмітпен және Сенімге қалыптасқан көзқарасы бар. Олар оппозицияға қарсы тұруға және мақсаттарына жету үшін азап пен қиындыққа төтеп беруге дайын. Үміт пен сенім сонымен бірге жеке және ұйымдастырушылық көзқарас жүзеге асырылады деген сенім көзі болып табылады.

Пайымдауы. Көрініс болашақтың суретін білдіреді, адамдар неге бұл болашақты құруға тырысуы керек екендігі туралы нақты немесе нақты пікірлер бар. Өзгерістерді ынталандыру кезінде көру өзгерістердің жалпы бағытын нақтылау, жүздеген немесе мыңдаған егжей-тегжейлі шешімдерді жеңілдету және топ мүшелерінің әрекеттерін тез және тиімді үйлестіруге көмектесу арқылы үш маңызды функцияны орындайды. Сонымен қатар, сенімді көзқарас жұмысшыларды қуаттайды, жұмысқа мән береді, сонымен қатар сапа стандартын белгілейді. Қызметкерлерді жұмылдыру үшін көзқарас ерекше тартымдылыққа ие болуы керек, ұйымның бағытын анықтауы, жоғары мұраттарды көрсетуі, үміт пен сенімді ынталандыруы керек.

Альтруистік махаббат. Рухани көшбасшылық үшін альтруистік махаббат өзіне және басқаларға қамқорлық жасау арқылы пайда болатын тұтастық, үйлесімділік және әл-ауқат

сезімі ретінде анықталады. Медициналық және психологиялық зерттеулер сүйіспеншілік реніш, ашу, мазасыздық және қорқыныш сияқты деструктивті эмоциялардың теріс әсерін жеңе алатындығын растайды. Альтруистік махаббат этикалық тұрғыдан дұрыс деп саналатын, топ мүшелерімен бөлісетін және таратылатын негізгі құндылықтар, болжамдар, ұғымдар мен ойлау тәсілдерінің жиынтығын анықтайды

Рухани көшбасшылар альтруистік махаббат құндылықтарын өз іс-әрекеттерінде және күнделікті мінез-құлқында бейнелейді және ұстанады. Л. Фрайдың пікірінше, рухани көшбасшылық-бұл ұйым мүшелерінің рухани әл-ауқатының шарты, олар өздерінің мақсаттары мен керек-жарақтарын сезінуден тұрады(Fry et al., 2011).Мақсаты ретінде түсініледі

Мақсаттылық трансценденттікті сезіну немесе басқаларға қызмет ету арқылы өміріңіздің мәні мен мақсатын сезіну ретінде түсініледі. Көптеген адамдар жұмыста өз әлеуетін толық іске асыру үшін құзыреттілік пен шеберлікті жетілдіруге ғана емес, сонымен қатар жұмыстың қандай да бір әлеуметтік мағынасы немесе құндылығы бар екенін сезінуге тырысады. "Мақсат" термині бұрыннан бері кәсіби маманның анықтайтын сипаттамаларының бірі ретінде қолданылып келеді. Кәсіби мамандардың мамандандырылған Білім саласында тәжірибесі бар, Этика, жоғары сапа стандарттарын сақтау міндеттемесі бар, олар өз кәсібіне адал және оны қоғам үшін құнды және тіпті қажет деп санайды.

Мүшелік дегеніміз-белгілі бір әлеуметтік топқа қатысу сезімі. Меншік қабылдау мен бағалаудың іргелі қажеттіліктеріне негізделген. Жұмыста адамдар өздерінің өзара байланысын бағалайды, олар үшін кең қауымдастықтың бір бөлігін сезіну маңызды. Әлеуметтік топтарға мүшелік біздің жеке басымыздың маңыздылығын арттырады. Әлеуметтік байланыс жүйесіне қосылу арқылы біз жеке шекарамызды кеңейтіп, тарихымызды байытамыз, дамимыз және өміріміз ұзаққа созылады (Fry et al., 2011). Осылайша, рухани көшбасшылықты жүзеге асыру альтруистік махаббат мәдениетін құруға әкеледі, онда ұйым мүшелері ортақ көзқарасты жүзеге асыру үшін мүшелік сезімін қалыптастыра алады. Альтруистік мәдениеттің дамуы сенім деңгейін арттырады, өйткені бәрі сенім мен үмітке ие болады. Өз кезегінде, ортақ көзқарас қызметкерлердің өз жұмысын түсінуіне ықпал етеді.

Қорытындылай келе, тағы бір маңызды сұраққа тоқталу керек: руханият пен пайда ұғымдары қаншалықты ар-ұждан және ұйымдастырушылық тиімділік үшін рухани мәдениет пен рухани көшбасшылықты қалыптастырудың салдары қандай? Кейбір скептиктер бизнестегі руханияттың орындылығына күмәнданса да, әлі де бар зерттеулер руханияттың оң әсерін ашады. Ұйымдардағы өнімділікке, сондай-ақ қызметкерлердің шығармашылығы мен қанағаттанушылығына (Роббинс, Култер, 2007). Л. Фрай рухани көшбасшылықты анықтайды деп сендіреді

Ұйымдардың қанша жылдық пайдасы-қызметкерлердің әл-ауқатын арттыру, ұйымдастырушылық міндеттемелерді күшейту және қаржылық нәтижелердің өсуі (Fry et al., 2011). Ұйымды басқаруды үйрену және қолдану кезінде руханилықтың құрылысына жүгіну, әрине, өте маңызды және тіпті революциялық қадам. Алайда, ұсынылған теориялар интуитивті түрде тартымды, бірақ эмпирикалық тұрғыдан дұрыс емес. Қосымша зерттеулер пайдаланылатын тұжырымдамаларды неғұрлым қатаң анықтауды және олардың дұрыс әдістерін әзірлеуді талап етеді.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Виханский О. С., Миракян А. Г. Жаңа мыңжылдық:
2. басқарудың ауытқулары және көшбасшылықтың заманауи тұжырымдамалары / / ресейлік менеджмент журналы. 2018. №16 (1). С. 131 -154.
3. Замулин А. Л. Ұйымдастырушылық көшбасшылықтағы руханият: шетелдік зерттеулерді талдау // Санкт-Петербург университетінің хабаршысы. 12 сериясы. Психология. Әлеуметтану. Педагогика. 2010. Вып. 2. С. 183 -193.
4. Занковский А. Н. Ұйымдастырушылық психология. М.: Флинт, 2000.

5. Роббинс С. П., Колтерм. Менеджмент. М.: "Уильямс" баспа үйі, 2007.
6. Романенко Н.Г. Ұйымдастырушылық контекстегі руханилық феномені // Изв. Саратов. ун-та. Нов. Сер. Философия. Психология. Педагогика. 2017. Т. 17. Вып. 1. С. 85 -88.
7. Шейн. Организационная культура и лидерство. СПб.: Петр, 2002.
8. Fry L. W. Toward a theory of spiritual Leadership // The Leadership Quarterly. 2003 (6). P. 693 –727.
9. Fry L. W., Hannah S. T., Noel M., Walumbwa F. O. Impact of spiritual Leadership on unit Performance // The Leadership Quarterly. 2011 (22). P. 259 –270.

Удк -316.74., 316.728

АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ ЖАСТАРЫНЫҢ БОС УАҚЫТ ТӘЖІРИБЕЛЕРІ

*Боранбай Н.Т.,
Абай ат. Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің
магистранты*

Аңдатпа

Мақалада Алматы қаласы жастарының «бос уақыт» түсінігі мен оны қтқзудің тәсілдеріне жүргізілген сауалнаманың нәтижелері талданады. Жастардың ерекшеліктері оның бос уақытында күрделі түрде сыналады, ол басқа жас топтарымен салыстырғанда ең жоғары ұтқырлықпен, белсенділікпен және әртүрлілікпен сипатталады. Психологтар атап өткендей, жастардың мінез-құлқы көбінесе оның әсерлілігімен, психикалық қозғалғыштығымен және қозғыштығымен, зияткерлік ұтқырлығымен, эмоциялардың ақыл-ойдан басым болуымен және т.б.

Кілт сөздер: жастар, мінез-құлқы, зияткерлік, адам физиологиясы.

ДОСУГОВЫЕ ПРАКТИКИ МОЛОДЕЖИ г. АЛМАТЫ

*Боранбай Н.Т.,
магистрант Казахского национального педагогического университета имени Абая*

Аннотация

